БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 35 (9612) 1955 жылғы 19 февраль Сенбі

Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

КОММУНИСТЕР МЕН ПАРТИЯДА ЖОҚТАР БЛОГІНІҢ КАНДИДАТТАРЫ: **М. Нурпейісов.** —Сенім (1-бет).
Сайлау алдындағы социалистік жарыс (1-бет).
Г. Шейко.—Мал шаруашылығын одан әрі өркендету үшін (1-бет).
Б. Кәрімбаев.—МТС партия ұйымдары жанындағы партия мектептері (2-бет).
Мал шаруашылығы өнімдерін шұғыл арттыру маңызды міндет (2-бет).
КОНСУЛЬТАЦИЯ: **Т. Жетпісов.**—Сайлаушылар не білу керек (2-бет).
Б. Жақыпов.—Өндірістегі өнімді еңбек (2-бет).
Г. Смелов.—Қамқорлыққа алынған колхозға көмек (2-бет).
МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДЕ ЯНВАРЬ ПЛЕНУМЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫН МҮЛТІКСІЗ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАЙЫҚ!
Б. Баймусин. — Жұмысты жаңа талапқа сай жүргіземіз (3-бет).
Т. Кәкімов.—Толғағы жеткен мәселе (3-бет).
О. Орманов.—Мәдени-ағарту жұмыстары өз дәрежесінде емес (3-бет).
Ж. Сыздықов.—Жалынды ақын, жауынгер солдат (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Қысқы агротехникалық шаралар жөніндегі жоспар толық орындалсын

Коммунистік партия мен Совет Үкметі еліміздің халқының алдына аса зор міндетті—таяудағы бес-алты жылдың ішінде ас[illegible]тың жалпы түсімін жылына кемінде 10 миллиард пұтқа жеткізу міндетін қойды. Облысымыздың еңбекшілері осы міндеттің жүзеге асырылуына өздерінің үлестерін қосу мақсатымен бірқатар маңызды жұмыстар істеуде. Астық өндіруді арттырудың қайнар бұлағы—тың және тыңайған жерлерді игеру арқылы егіс көлемін ұлғайту, ауылшаруашылық өндірісінің озаттары мен жаңашылдарының тәжрибесін, ғылымның табыстарын қолдану арқылы егіннің шығымдылығын арттыру жолындағы күресте едәуір табыстарға жетуде.

Егіннің шығымдылығын арттырудың тағы бір қайнар көзі қысқы маусымда жүргізілетін агротехникалық шараларды мұқият жүзеге асыру болып табылады. Егер колхоздар мен совхоздар қыс айларында тұқымды жеткілікті мөлшерде әзірлесе, егіс алаңдарына көңді көп тасыл, минералдық тыңайтқыштарды мол дайындаса, қар тоқтату жұмысын тыянақтылықпен жүргізсе және ауылшаруашылық құрал-саймандарды уақытылы жөндесе, онда олар егіннен мол өнім алу жолында бір ірі адым жасаған болады. Міне, сондықтан да бұл жұмыстарға көзір ерекше назар аудару қажет. Бірақ, осы уақытқа дейін көптеген колхоздар қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру ісін қолда бар мүмкіншіліктердің дәрежесіне сай жүргізе алмай келгенін айта кетуіміз керек. Буған мысал ретінде Преснов ауданының колхоздарындағы жағдайды алайық. Мұнда қар тоқтату жөніндегі жоспардың тең жартысы да орындалған жоқ. Майбалық МТС-нің қамтуындағы колхоздарда бұл жөніндегі жоспардың орындалуы 0,5—6 процентке дейін ғана болады. Ал Николаев МТС-і қамтыйтын «Красное знамя» колхозы тіпті февраль айына дейін қар тоқтату жұмысын қолға да алмады. Аудан колхоздары тек қар тоқтатудан ғана емес, басқа да агротехникалық шараларды жүзеге асыруда артта қалып келеді. Мәселен, жергілікті тыңайтқыштарды—күл, көң, құс сақрығын жылнау жоспарын бірде-бір колхоз орындамаған. Минералдық тыңайтқыштар сатып алу жұмысы да әлі кезекке қойылуда.

Бірқатар колхоздарда ұшжылдық агротехникалық курстардың жұмысы мәз емес. МТС басшылары, әсресе МТС-тердің бас агрономдары мен аға зоотехниктері бұл іске басшылықты нашарлатып алған. Оқу жылы басталғаннан бері Полудень ауданындағы «Прогресс» колхозында және Совет ауданындағы Каганович атындағы колхозда жұмыс істейтін агротехникалық топтарда небары 2-3 рет ғана сабақ өткізілген. Сол сияқты Мамлют, Приишім аудандарының көптеген колхоздарында агро-зоотехникалық курстарда сабақтың белгіленген күндерде өткізілмеуі жиі кездесін жүр. Солай бола тұрса да жағдайды жақсартудың шаралары қарастырылмайақ келеді.

Қысқы агротехникалық шаралардың жүзеге асырылуы жөніндегі мұндай кемшіліктер егін шығымдылығын кемітуге әкелін соғуы мүмкін. Сондықтан бұл кемшіліктерді тез жоюдың шараларын жүзеге асыру керек. Егістік алаңдарға қар тоқтату, жергілікті және минералдық тыңайтқыштар әзірлеу, шымтезек-шірінді құмыралар жасау, ауылшаруашылық құрал-саймандарды жөндеу, колхозшылардың агротехникалық білімдерін көтеру жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізуге қай колхозда болсын мүмкіншілік бар. Жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары сол мүмкіншіліктерді тиімді пайдалануды ұйымдастыра отырып, қысқы агротехникалық шаралар жөніндегі жоспардың әрбір колхоз бойынша толық орындалуын қамтамасыз етулері керек.

Колхоздарда тұқым тазарту, сапалылығы жағынан себуге жарамсыз тұқымдарды сортты тұқымға айырбастау жұмыстарындағы баяулық жойылмай келеді. Осының салдарынан облыс колхоздарындағы қолда бар дәнді дақылдар тұқымы әлі күнге дейін толық тазартылып болма[illegible] отыр. Дәнді дақылдар тұқымының, әсресе жазық бидай тұқымының сапасы жағынан себуге жарайтын-жарамайтыны әлі анықталып болған жоқ. Ал, картоп, овощ дақылдары, күнбағыс тұқымдары мүлдем жеткіліксіз. Солай бола тұрса да аудан, МТС, колхоз басшылары жетіспейтін тұқымдарды іздестіріп табуды кейінге номы Каблуков жолдас қынжылатын көрінбейді.

Сайлау алдындағы социалистік жарыс

Лайықты тартулар әзірлеуде

Қаладағы Париж коммунасы атындағы аяқкиім фабрикасының (директоры Валишин, партия ұйымының секретары Бойченко жолдастар) коллективі Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен жергілікті Советтердің сайлауына өндірістік зор тартулар әзірлеу үшін үстіміздегі жылдың алғашқы күндерінен бастап еңбек өнімділігін есеппен арттыра отырып, өнімнің сапасын жақсарту, өзіндік құнды мол кемітуі үшін социалистік жарысты кеңінен өрістете түсті. Үстіміздегі жылы мемлекеттік жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындап, жоспардан тыс 500 мың сомның өнімін шығаруды, өндірілетін аяқкиімдердің 80 процентке жуығын тек бірінші сортқа шығарып, жөндеу жұмысының уақытын 5 процентке дейін кемітуге міндеттенді.

Алынған міндеттемені абзроймен орындап шығу жолындағы социалистік жарыс әрбір цех және бригадалардың, жеке келген маманданған арасында пәрменді қарқынмен жүргізіле бастады. Фабрика коллективі өткен январь айында 26 мың пар пима басып шығарудың орнына, сауда орындарына 27 мың пар пима өткізді. Сонымен бірге, жоспардан тыс өндірілген бір мың пардан астам аяқкиімдері тек бірінші сортпен қабылданды.

Фабрика бойынша жүн жуып дайындайтын цех алда келеді. Бұл цехты өндірісте тәжрибесі мол, іскер маман Васильева жолдас басқарады. Цех адамдары өткен айдың өндірістік тапсырмасын 110 процентке артығымен орындап, жоспардан тыс 2 мың пар пималық жүн жуып, басуға дайын етті. Цехта сменалық тапсырмасын орындамайтын бірде-бір жұмысшы жоқ. Мұндағы өндіріс озаттары Е. Чумавецкая, Е. Нечепкина, М. Валеева жолдастар айлық өндірістік программаны үнемі 235—270 процентке дейін орындап жүр.

С. БАЙСАҚАЛОВ.

Мол табысты сала

«Путь к коммунизму» колхозының (Преснов ауданы) мүшелері мал шаруа-

Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары

О. И. ЕРШОВА.

Е. Б. БӘУКЕНОВ.

В. И. ФИЛЬКИНА.

СЕНІМ

Лаборатория қызметкерлеріне күрделі, әрі жауапты міндеттер жүктеледі. Олар ет комбинатында, оның консерв заводында жасалатын алуан түрлі ет тағамдардың сортын айырады, сапасын тексереді. Тағамдарды талғампаз совет адамдарының талабына сай дәмді, арзан етіп, әрі тез даярлап шығарудың жолын іздестіреді.

Біз Ольга Николаевнаны осы жұмыс орнында, лабораторияда кездестірдік. Ол да үстіне ақ халат киіп, шашын марлімен жауып алған, күнделікті, дағдылы жұмысымен шұғылданулы. Әрбір пробиркадағы, колбадағы қышқылдарды, тәжрибенің барысын әлсін-әлсін байқап, байқағандарын қағазға түсіреді.

Ольга Николаевна Мордва АССР-ніңАрдатов қаласында, мектепте оқып жүрген кездерінің өзінде-ақ химия пәнін тым жақсы көріп, беріле оқыды. Химия, биология кабинеттерінде қаршадай күніндеақ мұғалімнің басшылығымен өзінше тәжрибе жасаумен әуестенді.

Күндер бірінен соң бірі зымыран өте Жеребятовалар Ольганы кәдімгі совет адамдарына тән туысқандық қамқорлыққа алып, оған үнемі көмек көрсетіп отырды. Тәжрибесі мол, шыдамды жұмысшы коллективіне келген Ольга көп ұзамай-ақ жұмысқа үйренін, оларға елігіп кетті. Енді, бұрынғыдай емес, ол өзін жұмыста белсенді қызметкер ретінде көрсете бастады.

—Қандай тамаша, нағыз өмір коллективте, өндірісте екен ғой өзі,—дейді Ольга Николаевна комбинатқа бастапқы келген кезін еске түсіріп.

Ет комбинатының администрациясы Ольга Ершованы Москвадағы қысқа мерзімді курсқа жіберді. Мұны бітірген соң ол лаборатория меңгерушісі болып тағайындалды. Ольга бұл қызметке де жастық жалынмен ынталана кірісіп, күні бүгінге дейін оны ойдағыдай атқаруда.

Бір кездегі Москвадағы ет өнеркәсібінің химико- технологиялық институтының студенткасы, кейін инженер-технолог мамандығын алған Ольга Ершова республи[illegible] ССР-ге жатақханаға орналастыруға көмектесуді сұрапты. З. Тараканованың бұл тілегі де орындалды.

Көп хаттың арасынан қызыл сиямен жазылған хат бірден көзге түседі. Бұл хаттың өзінше тарихы бар. Өткен жылы румын Андрей Ускату бір жылдай ет комбинатында практикада болды. Туысқан Румын Халық Республикасынан совет кәсіпорнының озат әдістерін үйренуге келген Андрей Ускатудың жауапты жетекшісі болу Ольга Николаевнаға жүктелді. Андрей келген кезде бір қалам орыс сөзін білмейтін. Ольга Николаевна оған орыс тілін, кәсіпорнының озат жұмыс әдісін үйретті. Зейінді Андрей біраз уақыт өткеннен кейін орысша сөйлейтін болды. Ол алыстан қызыл сиямен орысша жазған хатында былай деп жазыпты:

. . . Кейде отырып сонау Сибирьдегі сіздермен бірге өткізген қызықты өмір күндерін еске түсіремін. Бұл күндер өмір бойы менің есімде қалады. Туысқандық сәлеммен. Сіздің. Сіз арқылы

дарының көшеттерін шымтезек-шірінді құмыраларында өсіру овощьтан мол өнім алудың өте тиімді әдісі екенін көрсетті. Осы тәжрибеге сүйене отырып, быйыл аудан колхоздары шымтезек-шірінді құмыралар жасау жөніндегі жоспарды орындауға тиіс еді. Бірақ, істің жайы мұның керісінше болып отыр. Осы уақытқа дейін Баян, Николаев, Майбалық МТС-тері қамтыйтын колхоздардың бірде-бірінде бұл жұмыс қолға алынбаған.

Жаңадай Совет, Октябрь, Ленин, Полудень аудандарының колхоздарында да осындай. Рас, Совет ауданындағы Сартомар МТС-і қамтыйтын «Красное поле», «Красный полтавец» колхоздары қар тоқтату жөніндегі жоспарды орындады. Бұл колхоздардың қар тоқтататын қалқандар қойған, тракторға тіркелген қаржыртқыштармен атжалдар жасаған егістік алаңдарына қалыңдығы 25-30 сантиметр біркелкі қар тоқтады. Кәзір колхозшылар қалқандарды қайта көтеріп қою жұмысын жүргізуде. Бірақ, аудан колхоздарын тұтас алғанда қар тоқтатудың барысы өте-мөте баяу. Шағлы МТС-нің қамтуындағы Сталин атындағы, Аманкелді атындағы, «12 лет Октября» колхоздарының қар тоқтатуды тек жақында ғана қолға алуы таңқаларлық іс. Колхозда қар тоқтату жұмысының төзгісіз нашар жүргізілуіне қарамастан МТС директоры Филиппов жолдас кемшіліктерді жоюға тікелей қатыспай отыр. Бұл жұмысқа трактор күші өте сарақ пайдаланылады. Қар тоқтату жұмысындағы орын алған кемшіліктерді Филипповтың өзі «қардың түсуі жұқа болды» деген желеумен бүркемелегісі келеді. Сол сыяқты МТС қамтуындағы колхоздардың бірде-бірі жергілікті тыңайтқыштар жыйнауға кіріспесе де, бұл жағдайға станцияның бас агрономы назар аударып келеді. Олар бұл шаруашылықты іскер, белсенді колхозшылармен толықтырды, жауапты жұмыстарға коммунистер мен комсомолецтер бекітілді. Малдың дұрыс азықтандырылып, қадағалы күтімге алынуы көпшілік назарынан түспеген мәселе болды. Осының нәтижесінде артельдемал шаруашылығынан алынатын табыс жылдан -жылға өсіп, оның өнімі барған сайын арта түсуде.

Мал шаруашылығында, әсресе, сауыншы Н. Бродовая, Е. Гребенюк, Е. Руденко жолдастар жұмыска беріле істейтін, еңбек озаттары екендігін байқатты. Олар қараушылардың сыйырлардан тұяққа- туяқ төл алып, сүт сауу жоспарын 115—120 процент етіп артық орындады. Олардың алаң еңбектерін жете бағалаған колхоз басқармасы сауыншылардың әркайсысына бір-бір торпақты, 6-11 центнер сүтті қосымша ақыға берді.

Кәзір сыйыр фермасында сайлау күрметіндегі социалистік жарыс кең өріс алды. Мал шаруашылығындағы колхозшылар үстіміздегі жылы бұл саладан алынатын табысты өткен жылдағыдан анағұрлым арттыра түсуге міндеттенді.

Д. СЕМЕНОВ.

Ауыспалы қызыл ту тапсырылды

Булаев аудандық байланыс мекемесі ауданның колхоз, совхоздарындағы байланыс жұмысын анағұрлым жақсартып, еңбекшілердің тілегіне сай игі істер істеуде. Байланыс мекемесі өткен жылдың жоспарын 107 процент етіп орындап шықты. Сондай-ақ бөлшек сауда, газет, журнал, кітап сату жоспары да 132 процент орындалды. Байланыс бөлімшелерінің жұмысы да айтарлықтай жақсарып түсті. Еңбекшілер газет, журналдарды деркезінде алып тұратын болды.

Міне, осындай игі жұмыстардың нәтижесінде аудандық байланыс мекемесі облыс бойынша социалистік жарыста бірінші орынға ие болды. Сөйтіп, облыстық байланыс басқармасының ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алды.

Булаев аудандық байланыс мекемесінің коллективі үстіміздегі жылы Карл Маркс атындағы және «Вторая пятилетка» колхоздарында радио торабын орнатуға, «Страна Советов» колхозын радиоландыруға, жаңа совхоздардағы байланыс жұмысын жақсартуға міндеттенді.

Б. ЖӘКЕНОВ.

Мақтау грамотасын алды

ҚЛКЖО Ленин аудандық комитеті алдынғы қатарлы мал шаруашылығының озаттарын аудандық комсомол комитетінің мақтау грамоталарымен наградтады. Олардың ішінде қарамағындағы 10 сыйырдан 22370 литр сүт алған Сталин атындағы колхоздың сауыншысы Анна Ивановна Селикова, Таисия Артеменко, Торанғұл совхозының сауыншысы Раиса Петровна Гончаренко жолдастар және басқалары бар. Грамотамен наградталғандар өздеріне тағы да көтерінкі міндеттемелер қабылдап, Социалистік жарыска түсті.

Тұқым әзірлеу жұмысы көктемгі егіскі әзірліктің ең басты буыны. Сондықтан бұл істегі кемшілік шығыл жойылуға тиіс. Әрбір колхоз көктемде егілетін дақылдардың түр-түрі бойынша тұқымын жеткілікті мөлшерде әзірлеуді шұғыл ұйымдастыруға міндетті. Бұл іске аудандық партия комитеттері мен Совет атқамдері, МТС директорлары күнбе-күн тікелей басшылық жасап отырулары керек.

Тұқым дайындау жұмысы жаңадан ұйымдастырылған совхоздарда да нашар. 15 февральға дейін Маленков атындағы, Жданов атындағы, Жамбыл атындағы және Москворецк совхоздары қажетті тұқымдық дәннің үштен бір бөлегін де тасып алмаған. Солай бола тұрса да бұл совхоздардың басшылары (директорлары Лизунов, Назарцев, Татиевский, Гусев жолдастар) тұқым тасуға қолда бар автомашиналарды, басқа да транспорттарды нашар пайдаланып келеді. Мұның өзі совхоз басшыларының жауапты жұмыска әлі жете мән бермегендіктерін көрсетеді.

Қысқы агротехникалық шараларды мұлтіксіз жүзеге асыру егін шығымдылығын арттыруда үлкен роль атқарады. Сондықтан да бұл жұмыска партия ұйымдары кәзір күнбе-күн басшылық етіп отырулы тиіс. Олар егіншілердің арасындағы партиялық -саяси, ұйт -бұқаралық жұмыстарды жақсарта отырып, сондай-ақ социалистік жарысты күнбе-күн басқара отырып агротехникалық шараларды жүзеге асыру ісінде колхоз басқармасының жұмысына көмектесулері керек. Сөйтіп, барлық колхозшыларды, МТС, совхоз жұмысшыларын қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру жөніндегі белгіленген жоспарды сөзсіз орындауға жұмылдыра білу қажет.

Мал шаруашылығын онан әрі өркендете беру үшін

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді арттырудың орасан зор резервтерін ашып берді. Мұндай резервтер біздің ауылшаруашылық артелімізде де бар. Пленум қаулысын талқылай отырып, колхозшылар қоғамдық мал санын мықтап көбейтуге, оның өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін көптеген мүмкіншіліктердің көзін ашты.

Кәзір колхоздың фермаларында 566 ірі қара мал, 2.520 қой, 183 шошқа бар. Өткен жылдағымен салыстырғанда мал саны барлық түліктер бойынша үштен бір есе көбейді. Біздің колхозшыларымыз— бұл табысқа қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге қамқорлық жасау нәтижесінде жетті. Бізде алынған төл тұтелдей аман өсіріледі. Мал қыста жылы қораларда күтіліп, жемшөп алдын-ала әзірленіп беріледі.

Жемшөп базасы мал санын және малдың өнімділігін онан әрі арттырудың шешуші шарты болып табылады. Өткен жылдардағы сыяқты мал қыстату ойдағыдай өткізілуде. Біржарым жылға жететін жемшөп қоры бар. Быйылғы жылы жүгері егісінің көлемін екі есе ұлғайтамыз.

Қандай да болсын істің табысты болуы адамдар, кадрлар шешеді. Біздегі мал шаруашылығында тәжрибелі, өз ісін жетік білетін колхозшылар жұмыс істейді. Мәселен, Дарья Васильевна Марченко 20 жылдан бері шошқа өсіруші болып жұмыс істеп келеді. Осы уақыттың ішінде ол алты мыңнан аса шошқа өсірді. Марченко 1939 және 1954 жылдары Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты. Шошқа күтудің озат әдістерін қолдану арқылы ол екі жылда бес рет торай алады.

1953 жылы әрбір сыйырдан 1.516 литр сүт алынды, ал 1954 жылы сүт 2.180 литрге дейін көбейді. Әрбір қойдан қырқылған жүннің салмағы жарты килограмм артты. Мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді арттыру үшін жарыска түсіп, біз әрбір сауын сыйырдан 2.500 литр сүт саууды, әрбір қойдан 3.5 килограмнан жүн қырқуды ұйғардық.

Г. ШЕЙКО,
Ақтөбе облысының «Совет» колхозының председателі.
(КазТАГ).

Еслөм Бәукенұлы БӘУКЕНОВ

Еслөм Бәукенұлы Бәукенов 1915 жылы, Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданындағы Алыбай ауылында, кедей шаруаның семьясында туды. 1933 жылдан 1936 жылға дейін Бәукенов жолдас Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл ауданындағы «1-май» ауылшаруашылық артелінің председателі болып істейді.

1941 жылы Бәукенов жолдас Совет Армиясы қатарына шақырылады. Армия қатарынан босап келгеннен кейін 1946 жылдан 1948 жылға дейін ол қайтадан «1-май» ауылшаруашылық артелінің председателі болып сайланады. Ал 1948 жылдан 1950 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облысы, еңбекшілер депутаттарының Петропавл аудандық Советі атқамінің аудандық жоспарлау комиссиясының председателі болып істейді.

1950 жылы Бәукенов жолдас Петропавл ауданындағы іріленген «Луч Ленина» колхозы басқармасының председателі болып сайланды, кәзіргі уақытта да осы қызметте істеп жүр.

Бәукенов жолдас басқарған колхоз облыстағы алдыңғы қатарды шаруашылықтардың бірінен саналады.

Бәукенов жолдас «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен наградталған. Ол 1942 жылдан СОКП мүшесі, Қазақстан КП Солтүстік Қазақстан обкомінің мүшесі. 1951 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды.

№ 317 Петропавл -Седолық сайлау округінің еңбекшілері Е. Б. Бәукенов жолдасты Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп жаңадан ұсынды.

Варвара Ивановна ФИЛЬКИНА

Варвара Ивановна Филькина —қарапайым совет адамы. Оның өмір жолы да қарапайым ғана. Ол 1911 жылы Ленин ауданындағы Леонидовка селосында, кедей шаруаның семьясында туды.

Филькина жолдас 1925 жылы селолық мектепті бітіріп шығысымен-ақ еңбекке араласты. 1930-1933 жылдарда Варвара Ивановна Днепропетровск облысы, Сонельникова селосында жұмысшы болып істеді. 1933 жылы Солтүстік Қазақстан облысына қайта оралғаннан бері, ол Ленин ауданындағы Торанғұл совхозында сауыншы болып істейді. Совхоз басшылары Филькина жолдасқа жас төлдерді күту міндетін жүктегенде, ол бұл жұмыста да көрнекті табыстарға ие болды. 1950 жылы өзіне бекітіліп берілген 79 бұзауды аман өсірді. Бұзауларды күту, азықтандыру жөніндегі зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерді мұқият сақтай отырып, олардың тәуліктік салмақ қосуын 872 грамға жеткізді.

Филькина жолдас 1951 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына сайланды. Ал, быйыл Торанғұл совхозының сайлаушылары Варвара Ивановна Филькина жолдастың тамаша еңбегін жоғары бағалап, оны республикамыздың Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп тағы ұсынып отыр.

Варвара Ивановна совхоз коллективінің өзіне көрсеткен мұндай зор сенімін адалдықпен ақтайды да. Бұған оның қажырлы еңбегі кепіл. Филькина жолдас басқаратын табын өткен жылы мал басын көбейту, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі тапсырмаларды артығымен орындады. Кәзір табындағы мал өсірушілер Коммунистік партияның Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын зор қанағаттанғандықпен қарсы алып, бұл ұлы программаның мүлтіксіз жүзеге асырылуы жолында аянбай еңбек етіп келеді.

ғыдай бітіріп шықты. Ольганың әкесі Николай Сергеевич Ершовтың негізгі мамандығы бухгалтер болатын. Бір күні ол Ольгаға:

—Қызым онжылдық мектепті бітірдің, енді қайда барып оқығың келеді,—деді.

—Папа, сіз менің химия пәнін жақсы көретінімді білесіз ғой, Москвадағы ет өнеркәсібінің химико-технологиялық институтына барғым келеді. Николай Сергеевич қызының тілегіне қарсы болған жоқ.

Ольга Ершова орта мектепті бітірген жылы Москвадағы ет өнеркәсібінің химико-технологиялық институтының технология факультетіне оқуға түсті. Оны 1947 жылы бітіріп, ет өнеркәсібінің инженер-технологі мамандығын алды. Институтты бітірген жас маман Петропавлдың А. И Микоян атындағы ет комбинатына қызметке жіберілді. Москва, студенттік қызықты өмір, бірнеше жыл сабақтас болған құрбы-достар кейін қалды. Алда өндіріске бару, бұрын танымайтын адамдармен бірлесіп жұмыс істеу сыяқты күрделі міндеттер тұрды.

Бастапқы кезде ол ет комбинатының лабораториясында инженер-химик болып істеді. Алғашқы уақытта Ольга студент орындығынан жаңа ғана шыққан жас мамандарда жиі кездесетін қыйыншылықтарға да тап болды. Шынында теорияны өндірістік практикамен бірден ұштастырып әкету, тыңғылықты инженер болу оңай ма? Оған үлкен көмек керек емес пе?

Ольга мұндай көмекті комбинаттың комсомол ұйымынан, лаборатория қызметкерлерінен тапты. Көңжылдық тәжрибесі бар, жұмысқа әбден көмпіс болған лабораторияның инженер-химиктері Исакова, Ковалева, Соловьева, Ковалевская, Ковалев, Ковалева, Ковалева, Ковалева

МТС партия ұйымдары жанындағы партия мектептері

Партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылының басында коммунистердің тілектерін ескере отырып, ҚКП Преснов аудандық комитеті Баян және Майбалық МТС-терінің партия ұйымдары жанынан кешкі партия мектептерін ұйымдастырған болатын. Бұл мектептердің директорлары болып аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретарьлары Прядько және Байбатыров жолдастар тағайындалған-ды.

МТС аймағы жөніндегі партия қызметкерлері және МТС мамандары, коммунистер кешкі партия мектептерінің оқытушы- насихатшылары болып істейді. Партия мектептері тыңдаушыларының ішінде МТС директорларынан бастап қатардағы механизаторға дейін бар.

Баян МТС-індегі партия мектебінде аудандық партия комитетінің осы МТС аймағы жөнінде секретары Прядько, бас агроном, коммунист Бухалов жолдастардың СОКП тарихының курсы бойынша өткізген сабақтары әрі қызғылықты, әрі терең мазмунды болып келеді.

Кешкі партия мектептерінің тыңдаушыларына «Маркс пен Энгельс —марксизмнің негізін салушылар», «Коммунистік партияның манифесі — марксизмнің программалық документі», «Дүние жүзінің саяси картасына жалпылама шолу», «Шөптанапты ауыспалы егіс жүйесі» және басқа да тақырыптарда лекциялар оқылып, семинар сабақтары өткізілді. Тыңдаушылар мұндай материалдарды талқылауға белсене қатысып отырды және өздерінің білім дәрежесі едәуір арттанды-рын байқатты.

Аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі МТС-тердегі кешкі партия мектептеріне басшылық жасау жөнінде белгілі дәрежеде тәжрибесі болмағандықтан бұл мектептердің жұмысындағы кейбір ерекшеліктерді ескермеді. Соның салдарынан оқу жылының барысында бұл салада елеулі кемшіліктерге жол берілді.

Кешкі партия мектептерінің жұмысындағы негізгі кемшіліктер, біздің байқауымызша, мынада: тыңдаушыларды жалпы білім дәрежесіне қарай және өз мамандығы бойынша өндірістік жұмысының сыйпатына қарай іріктеп алуда қателіктер жіберілген.

Жақында аудандық партия комитетінің бюросында алдын-ала тексеріс жұмыстары жүргізілгеннен кейін Майбалық МТС-індегі кешкі партия мектебінде оқу процесінің барысы туралы мәселе қаралып, ондағы кемшіліктерді жоюдың жолдары көрсетілді.

Б. КӘРІМБАЕВ.

Преснов аудандық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

ҮЙІРМЕ САБАҒЫ

Булаев ауданының «Победа» колхозындағы коммунистер СОКП тарихын үйре-

Мал шаруашылығы өнімдерін шұғыл арттыру аса маңызды міндет

Петропавл аудан партия ұйымы активінің жыйналысынан

Петропавл аудан партия ұйымы активінің жыйналысында СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қорытындылары туралы мәселе талқыланды.

Баяндамашы —аудандық партия комитетінің секретары Петухов жолдас партияның Орталық Комитетінің январь Пленумы 1960 жылға дейін елімізде астықтың жалпы түсімін жылына кемінде 10 миллиард пұтқа жеткізу, осының негізінде мал шаруашылығының негізгі өнімдерін 2,5 есе арттыру міндетін қойғанын атап көрсетті. Аудан партия ұйымы, МТС- тер мен колхоздардың және совхоздардың басшылары барлық күш мүмкіншілікті партия қойған міндеттерді жүзеге асыру жолына жұмылдырулары керек.

Баяндама бойынша жарыссөзде сөз сөйлеген жолдастар аудан өткен жылы әнді дақылдардан жоспарлы өнім жыйнай алмағанына, мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындай алмағанына, сондай-ақ мал азығының берік базасын жасау ісі қамтамасыз етілмегеніне тоқталды.

Бірқатар шаруашылықтар мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру жөніндегі жоспарды орындай алмады. Колхоз басқармалары мен партия ұйымдары қоғамдық мал шаруашылығын өркендету үшін жерді дұрыс пайдалана алмай келеді. Мәселен, аудан колхоздары бойынша 100 гектар егістік, шалғындық және жайылымдық жерге 12 бас сыйыр малы ғана өсіріліп отыр.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қойған талапқа жауап бермейді. 100 гектар шаруашылық жерден алынатын еттің, сүттің мөлшері 4-5 есе төмен. Мал шаруашылығының жоғары табысты саласы—шошқа шаруашылығы колхоздарда кенже қалып келеді. 1954 жылы колхоздар шошқа семірту ісімен шұғылданбады. Осының салдарынан мемлекетке тапсырылған шошқа етінің салмағы 46 килограмнан аспады. Сол жылы алынған 4500 торайдан 3500 торай базарға және жеке адамдарға сатылды. Осы себепті колхоздар көп зиян көрді.

Жыйналыста мал азығының берік базасын жасау—жүгері, біржылдық және көпжылдық шөптердің, тамыржемісті дақылдары егісінің көлемін ұлғайту мәселесіне, мал қораларының құрылысына көп назар аударылды. Быйыл колхоздар жүгері егісінің көлемін 8 есе ұлғайтып, бұл дақылдың егіс көлемін 2500 гектарға дейін, ал малазығы дақылдарының егіс көлемін 12400 гектарға дейін ұлғайтуға тиіс.

Жыйналысқа қатысушылар колхоздар мен совхоздарда және МТС-терде партиялық саяси жұмыстың дәрежесі төмен болып отырғанын атап көрсетті. Бұл жөнінде, әсресе колхозшы шаруалар мен МТС қызметкерлерінің арасындағы жұ-

тын болуымыз керек. Мұның өзі құнарлы мал азығының молшылығын жасауды қажет етеді. 1955 жылы 600 гектар жүгері егісін егу керек. Осылай болған күнде ғана біз сауын сыйырларды жазды күні құнарлы азықтармен қамтамасыз етіп, 8—10 мың тонна жоғары сапалы шөп сүрлейтін боламыз.

Совхоз коллективі шошқа фермаларының товарлылығын арттыру үшін қажетті шараларды жүзеге асыруда. Жас торайларды күтудің жаңа әдістері қолданылуда.

—Біздің ауданның жағдайында, —деді Петропавл МТС-нің агрономы Шмыгля жолдас, картоптың, овощтың және тамыржемістің өнімін анағұрлым арттыруға, осының негізінде ауылшаруашылық артельдерінің ақшалай табысын еселеп арттыруға, мал азығының базасын нығайтуға болады. Бірақ, амал не, мұндай маңызды іске немкетті қараушылық орын алып келді. Петропавл МТС-нің аймағындағы колхоздарда огород бригадалары тұрақты кадрлармен толықтырылмай, оларда көбінесе еңбекке немкетті қарайтын адамдар жұмыс істеп келді.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының председателі Лешевич жолдасқа сөз берілді.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттырудың маңызды бір шарасы, —деді ол, —мал қораларының құрылысын мейлінше жақсарту болып табылады. Алайда, біздің ауданда мал қораларының құрылысына жете назар аудармай келеді. Қоғамдық мал бірқатар жерлерде жабайы әдіспен салынған суық әрі тар қораларда күтіледі. Осының салдарынан малдың шығын болу фактілері орын алды.

ҚЛКЖО аудандық комитетінің секретары Катыхов жолдас өзінің сөзінде комсомол ұйымдарының мал шаруашылығындағы рольдерін арттыру жөніндегі мәселеге тоқтала келіп, былай деді:

—Партия мен үкметтің нұсқауларын орындай отырып, аудандық комсомол комитеті соңғы кезде мал фермаларында жұмыс істеу үшін 50-ден астам комсомолецтер жіберді. Бұлардан басқа мал шаруашылығында 300-ден астам жастар жұмыс істеп жүр. Ауданның көптеген жас жігіттері мен қыздары еңбекте үлгі көрсетуде. Сталин атындағы колхоздың сауыншылары —комсомол мүшелері Анна Лисстің, Вера Бутакованың және басқа көптеген жас мал өсірушілердің есімі аудан жұртшылығына мәлім. Олардың жұмыс тәжрибелерін жыйнақтап, жалпының игілігіне айналдыру басты міндет тердің бірінен саналады. Солай бола тұрса да, аудандық «Заря коммунизма» газетінің бетінен жас мал өсірушілердің тәжрибелері жазылған мақалаларды оқый алмай жүрміз.

Еңбекшілер депутаттары аудандық Совет атқомінің селолық және колхоздар

Москваның «Изолит» заводы жоғары вольтті қуатты трансформаторларға электр қуатын өткізбеу үшін пайдалануға арналған бакелдендірілген қағаздан цилиндрлер дайындап шығарады.

СУРЕТТЕ: сменасына екі норма орындаушы құрастырушы **М. Н. Ковалев** электр қуатын өткізбейтін цилиндрді байқап тұр.

(СОТА-ның фотохроникасы).

★

Топырақты Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша өңдіруге арналған машиналар мен құрал-саймандар

Еліміздің машина-трактор станциялары көктемгі егіске дейін топырақты Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша өңдеуге арналған ондаған мың машиналар мен құрал-саймандар алады. Т. С. Мальцевтің ұсынысы бойынша жетілдірілген машиналар мен құрал-саймандардың комплекст жасалды, бұлардың үлгілері быйылғы жылдың басында еліміздің оңтүстігінде сынған өткізілді. Бұл комлекст топырақты қайырмастан өңдеуге арналған плуг (ол жерді 50 сантиметрге дейін терең қопсытады), пышақ түсті тырмалар, алымының кендігі 10 және 16 метр дискелі қуатты сыдыра жыртқыштар бар.

Жаңа машиналар мен құрал-саймандардың жаппай шығарылуы быйылғы жылдың өзінде-ақ Т. С. Мальцев ұсынған топырақ өңдеудің жаңа тәсілін аса көлемді жерлерде қолдануға мүмкіндік береді. ССРО ауылшаруашылық министрлігінде СОТА-ның тілшісіне хабар етілгеніндей, еліміздің әртүрлі ауыл шаруашылық өңірлерінің бірнеше мыңдаған машина-трактор станцияларының көлемді участокте-рінде өндірістік тәжрибелер жасау белгіленді.

(СОТА).

Жүгері өсіру үшін жастар звенолары

РИГА. Үстіміздегі көктемде латыш кол-

Баспалар мен полиграфия өнеркәсібі қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі

Баспалар мен полиграфия өнеркәсібі қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесінде 16 февральда елімізде кітап басып шығару ісін онан әрі жақсартудың жолдары туралы мәселе талқылануда болды.

Мемлекеттік көркем әдебиет баспасының директоры А. Котов өткен жылы баспа кітаптарды 1940 жылғыдан 11 есе артық шығарды, ал 1955 жылы 72 миллион данадан аса кітап, яғни 1953 жылдағыдан 2 еседей көп басып шығаруға тиіс, деп хабарлады. Шешен көп томдық кітаптар басып шығаруды көбінесе кешеуілдетіп келе жатқандығы үшін мемлекеттік көркем әдебиет баспасының атына айтылған сынды өте әділ сын деп мойындады. Кәзір баспада көркем әдебиет кітаптарын басып шығарудың бесжылдық жоспарының жобасы жасалды. 1955-1959 жылдарда классиктер мен кәзіргі заманғы жазушылардың шығармаларынан 117 жыйнақ басып шығару жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру көзделіпотыр. Котов жолдас баспалардың жемісті жұмыс істеуі үшін перспективтік жоспарлаудың зор маңызы бар деп санайды.

Сөйлеген басқа шешендер де, атап айтқанда совет жазушылар Одағы басқармасының секретары В. Смирнов жолдас пен Азербайжан ССР Мәдениет министрінің орынбасары М. Алекперов әртүрлі әдебиет шығаруды жоспарлау ісін батыл жақсарту қажеттігін және баспалар мен полиграфия кәсіпорындарының бір келкі жұмыс істеуінің бұл үшін зор маңызы бар екендігін көрсетті.

Баспа еңбек шығаруды арттыру, кітаптарды басу мен әсемдеудің сапасын едәуір жақсарту үшін полиграфия өндірісінің барлық салаларының мамандарын даярлауды ұлғайту, баспалар мен полиграфия кәсіпорындары қызметкерлерінің мамандығын арттыру қажет. Мәдениет қызметкерлерінің кәсіпшілік одағы Орталық Комитетінің председателі П. Лебедев, РСФСР-дің еңбек сіңірген искусство қайраткері Д. Шмаринов және басқа шешендер осы туралы айтты.

Облыстық және өлкелік баспалардың директорлары А. Гриднев (Ростов), С. Страхов (Ставрополь), М. Глозус (Красноярск) жергілікті баспаларға жеткіліксіз басшылық жасап отырғаны үшін ССРО Мәдениет министрлігін сынады. Глозус жолдас атап айтқандай, жергілікті баспалардың қағазды, бояуды және басқа материалдарды өте кешеуілдетіп алатындығы олардың жоспарлы жұмыс істеуіне кедергі болып келеді деп мәлімдеді.

ССРО Мәдениет министрлігінің кітап саудасы жөніндегі бас басқармасының бастығы С. Титов соғыстан кейінгі жылдарда еліміздегі кітап сауда орындарының саны 2 еседен аса көбейгенін атап көрсетті. Бірақ сауда және баспа қызметкерлері халықтың кітаптарды керексінуін әлі де нашар зерттейді. Мұның салдарынан өтпейтін кітаптардың көптеген тиражбен басылып шығатыны жиі кездеседі. Кейбір баспалар кітап оқушылардың керексінуін ескерместен белгілі бір кітаптарды қайта-қайта басып шығарып жүр. ССРО Мәдениет министрлігінің баспалар жөніндегі басқармасы мұндай қайталауды жою, кітаптарды тиімді болатын тиражда басып шығару мөлшерін белгілеу жөнінде ешбір шара қолданбай келеді.

Жарыссөзде мұнымен қатар 2-ші әрін кую заводының цех меңгерушісі В. Богданов, Қырғыз ССР Мәдениет министрі А. Қазақбаев, жазушы М. Шагинян және басқалары сөйледі.

(СОТА).

Өндірістегі өнімді еңбек

Булаев аудандық өндіріс комбинатының коллективі озаттардың шақыруына нақтылы іспен жауап беру үшін социалистік жарысты кең көлемде өрістетті. Сөйтіп, 1954 жылға белгіленген өндірістік программаны мерзімінен едәуір бұрын 149,8 процентке орындап шықты. Ол жылда жоспардан тыс 647 мың сомның өнімін шығарып, ауданның колхоздары мен совхоздары және МТС-теріндегі магазиндер мен дукендерде сатты.

Комбинатта еңбек ететін барлық жұмысшылар мен қызметкерлер өткен жылда өнімнің өзіндік құнын кеміту, еңбек өнімділігін арттыра беру жолындағы социалистік жарыста да игілікті нәтижелердің иесі болды. Өнімнің өзіндік құнын 4 процентке дейін кеміту жоспарланса, ол 5,3 процентке дейін кемітілді. Еңбек өнімділігі 8 процентке дейін артты. Комбинат тек қана еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын кемітудің өзінен ғана 141 мың сомнан астам мемлекет қаржысын үнемеді.

Комбинаттың барлық коллективі өткен жылда қол жеткен табыстарын баян-

Коллектив мүшелері отандық жаңа техника мен озат технологияны, өндірісті комплексті механикаландыру, соның ішінде аралық және көмекші процестерді механикаландыру әдісін қажырлылықпен енгізіп, өндірісті және жұмысшылардың ең бегін жақсы ұйымдастыру, жұмыстың озат үлгілеріне теңелу үшін бірталай игілікті жұмыстар істей бастады.

Комбинатта сменалық, айлық, тоқсандық, өндірістік тапсырмадарын үнемі артығымен орындап, тек қана сапалы өнім шығаратын өндіріс озаттарының саны көбейе түсуде. Мұнда, әсресе В. Шулинин жолдас басқаратын жаппай кілт тігу цехының коллективі өндірісте алған міндеттемелерін екі есеге дейін артығымен орындап, мінсіз сапалы өнім шығарып, коллективтің сый-құрметіне бөленіп жүр. Цех коллективі кәзірде бір сменада 4—5 мың сомның жоғары сапалы өнімін шығаруға жетісті. Цехтың жекелеген озаттары Д. Сергеева, К. Анохина жолдастар еңбекшілерге беріп, әсем, денеге қонымды киімдерді көптеп тігіп, заказ берушілерден шығарған өнімдерінің

ңу жөніндегі үйрмеде оқыды. Бастауыш партия ұйымының секретары Әбділхалықов жолдас үйірме насихатшысы болып істейді. Насихатшы программалық материалдарды әрқашан да бүкіл еліміз алдында, сондай-ақ колхозымыз алдында тұрған шаруашылық-саяси міндеттермен байланыстырып отырады.

Әбділхалықов жолдас тыңдаушыларын ынталандыра біледі. Ол әрбір сабақтың алдында кезіргі кезеңдегі халықаралық жағдай жөнінде әңгіме өткізеді. Үйірме мүшелерінің жалпы білімі де, саяси білім дәрежесі де бірдей емес. Сондықтан олардың программалық материалдарды меңгеруі де біркелкі болып отырмайды. Міне, осы жағдайды ескере отырып, насихатшы Әбділхалықов жолдас коммунистерді жеке-жеке топтарға бөліп, олармен белгіленген оқу күнінен тыс уақыттарда қосымша сабақ өткізеді.

М. ҚҰСАЙЫНОВ.

мысқа жете назар аудармай отырған аудандық партия комитетінің аймақ жөніндегі секретарьлары Ширяев, Тимошин, сондай-ақ МТС партия ұйымдарының секретарьлары Бенделев, Веретенников жолдастар кінәлі. Солай бола тұрса да, жыйналыста бұл мәселе өзінің терең талдауын таппады.

Петропавл совхозының директоры Горбунов жолдас былай деді:

—СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын совхоз коллективі бірауыздан мақұлдады. Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасында совхоздар министрлігіне айтылған сынның біздің шаруашылыққа толық қатысы бар. Өйткені совхоз өткен жылы рентабельді жұмыс істей алмады.

Совхоздың рентабельді, үлгілі шаруашылыққа айналуы үшін сауын сыйырларды 140 басқа жеткізіп, олардың әрқайсысынан кеміде 3 мың литр сүт алу-

құрылысы өлімінің меңгерушісі Иванов жолдас өзінің сөзін колхоздардың өндірістік құрылыстарын күшейтудің, жергілікті құрылыс материалдарын кеңінен пайдаланудың қажеттігіне аударды.

Аудандық Совет аткомінің председателі Маслова жолдас МТС директорлары Сныжко және Данилов жолдастардың мал шаруашылығы мәселелеріне жеңіл-желпі қарайтынын, еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру мәселесінен тыс қалғанын айтты.

Аудан партия ұйымы активінің жыйналысына облыстық партия комитетінің секретары Подгорбунский жолдас қатысты.

Аудан партия ұйымы активінің жыйналысы СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын бірауыздан мақұлдап, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру мақсатына бағытталған шаралар белгілеп, қаулы алды.

салыстырғанда төрт есе кеңейтеді.

Өткен күзде көптеген колхоздар әр гектардан 500-600 центнерден көкшөп жыйнады, ал бірқатар шаруашылықтарда оның әр гектардан алынған өнімі 800-1000 центнер болды.

Республика колхоздарында жүздеген комсомол -жастар звенолары құрылған. Жас жігіттер мен қыздар мамандардың басшылығымен жүгері өсірудің агротехникасын оқып үйренуде. Бұл дақылдың егісі үшін кәзірдің өзінде 30 мың гектардан астам жер іріктеп алынды. Көктемгі егіске әзірліктің барысында жерді минералдық және органикалық тыңайтқыштармен деркезінде тыңайтуға, жүгерінің неғұрлым шыдамды және өнімді көп берегін сорттарын, оның ішінде латыш селекционерлері өсірген жергілікті сорттарын іріктеп алуға және әзірлеуге зор көңіл бөлінуде.

(СОТА).

дірістік жаңа табыстарға жете беру үшін күресуде. Коллектив мүшелері жылдың бірінші айынан бастап-ақ жаңа табыстарға жетуде. Январь айында комбинат 139 мың сомның ауыл шаруашылығына қажетті және көпшілік көп керек ететін товарларды өндіруге, еңбекшілер заказдарын орындап беруге міндеттенген еді. Олар бұл алған міндеттемелерін белгіленген мерзімнен 6 күн бұрын орындап шықты.

Өткен жылы астанамыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарында еңбек істейтін жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері бесінші бесжылдық жоспарды белгіленген мерзімнен әлдеқайда бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырды, патриоттық бастама көтерді. Бұл игілікті істі өндіріс комбинатының барлық коллективі зор еңбек өрлеуін туғызып қарсы алды Олар москвалықтардың шақыруына нақтылы іспен жауап беру үшін социалистік жарысты бұрынғысынан да нәрменді қарқынмен жүргізді.

баға алуда. Комбинаттың етік пішушісі Чернышов жолдастың өндірістегі еңбегі атап айтарлықтай. Ол сменалық тапсырмасын 127-130 процентке дейін артығымен орындап жүр.

Комбинат басшылары отын дайындау, оны тасу жұмыстарына да ерекше назар аударды. Кәзірдің өзінде 200 текшеметрден астам отын дайындалып, комбинат жанына тасылып үйілді. Бұл жұмыстарда 12 адамнан құралған арнаулы бір бригада жұмыс істейді.

Бұл күндері комбинаттың барлық коллективі Қазақ ССР Жоғарғы Советі және жергілікті Советтердің сайлауы күнін өздерінің өндірістік жаңа табыстарымен қарсы алу үшін еңбек вахтасына тұрды. Коллектив мүшелері кәзірде еңбек өнімділігін есеппен арттыруға және өзіндік құнды кемітіп, шығарылатын өнімнің сапасын мейлінше жақсарта берудің жолдарын іздестіріп, іске қосуда.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

Консультация

Сайлаушылар не білу керек

Ұлы көсемдерімізі Ленин мен Сталин дүние жүзіндегі ең халықтық, ең демократиялық мемлекет— Совет мемлекетінің негізін қалады. Бұл мемлекеттің тамаша сыйпаты сол —ол әрқашан да халық бұқарасының қуатты қолдауына сүйеніп отырады. Халықпен күнбе-күнгі тығыз байланыс қана Советтердің қабылдаған қарарларын ойдағыдай жүзеге асыруға, совет аппаратының қызметкерлерін бақылап отыруға, кемшіліктерді кезінде ашып, оларды жойып отыруға көмектеседі. Демек еңбекшілер мемлекет басқару ісіне тікелей қатысады. Еңбекшілерді мемлекет басқару ісіне қатыстырудың анағұрлым бұқаралық, әрі демократиялық түрлерінің бірі Советтердің сайлауына еңбекшілердің тікелей қатысуы болып саналады.

Еңбекшілер депутаттарының барлық Советтерін дүние жүзіндегі ең демократиялық сайлау заңы бойынша жалпыға бірдей, төте және тең сайлау правосы негізінде даусыты жасырын беру жолымен халық сайлайды.

Советтік социалистік сайлау системасының нағыз демократиялық белгілерінің бірі —дауыс беру тәртібі. Дауыс беру тәртібінің демократиялылығының буржуазиялық «демократиядан» артықшылығы неде? Оның артықшылығы сол—ол сайлаушылардың өзі қалаған кандидатына еріксіз түрде дауыс беру арқылы өзінің шын ниетін білдіруіне толық мүмкіндік жасайды.

Советтік сайлау заңының негізгі принциптері бар. Ол принциптердің бірі—сайлау еңбекшілердің жұмыстан бос уақытында, демалыс күні өткізіледі. Бұл принцип сайлаушылардың өзі қалаған кандидатқа дауыс беру үшін сайлауға тегіс қатысуы мақсатын көздейді.

Сайлаудың нақтылы күнін одақтас республикалардың Жоғарғы Советтерінің Президиумы сайланған Советтердің өкілдік мерзімі бітуіне байланысты сайлаудан кем дегенде екі ай бұрын арнаулы Указбен белгілейді. Осы негізде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы өзінің 1954 жылғы 25 декабрьдегі Указы бойынша сайлау күнін 1955 жылдың 6 мартында өткізуге белгіледі. Указда былай делінген: «Үшінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің өкілдіктерінің 1955 жылғы 18 февральда және төртінші сайланған Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтері өкілдігінің 1955 жылы 1 мартта бітетініне байланысты Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің және Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің сайлауы 1955 жылғы 6 мартта жексенбі күні өткізілетін болсын».

Сайлау өткізілетін күн жөнінде сайлаушылардың толық мағлуматы болуы шарт. Ол үшін участоктік сайлау комиссиялары мен үгітшілер сайлаушыларға сайлау болатын күнді хабар етіп отыруға тиіс.

Еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің және республикамыздың Жоғарғы Советінің сайлауы күні дауыс беру, сайлау Ережесіне сәйкес, таңертеңгі сағат 6-да басталады. Содан сайлаушылар түнгі сағат 12-ге дейін дауыс беріп болуға тиіс.

Сайлаушылардың дауыс беруге түгел қатысуы ең алдымен сайлау комиссияларының жұмысты ұқыпты ұйымдастыра білуіне байланысты. Сондықтан сайлау болатын күннің алдында участоктік сайлау комиссияларының председательдері сайлаушылардың тізімдерін қабылдайды, дауыс беруге арналып жабдықталған үйдің дайындығын байқап шығады. Дауыс беру басталмас бұрын бюллетеньдердің, бюллетень салынатын жәшіктердің, сайлау үйінде бюллетень толтыратын столдардың, қағаз, қарындаштардың жеткілікті, я жеткіліксіз екендігін алдынала анықтап алу —сайлау комиссияларының председательдері мен сайлау комиссиялары мүшелерінің бірінші кезектегі міндеттері.

Сайлау күні дауыс беру басталмастан бұрын таңертеңгі сағат 6-та дейін, участоктік сайлау комиссиясының председателі комиссия мүшелерінің қатысуымен дауыс беру жәшігін тексеріп шығып, оны жабады да, комиссияның мөрін басады.

Сайлаушы сайлауға арналған үйге келіп, участоктік сайлау комиссиясының секретарына, немесе комиссияның бір мүшесіне паспортын, егер колхозшы болса, колхозға мүшелік книжкасын немесе кәсіподаққа мүшелік билетін, не басқа қандай да болсын куәлігін көрсетеді. Содан кейін сайлаушылар тізімінен тексеріліп, оған белгі соғылғаннан кейін ғана сайлау бюллетенін алады.

Сайлаушылар сайлау бюллетеньдерінің түр- түсімен де таныс болуға тиіс. Қазақ ССР Жоғарғы Советі сайлау бюллетенінің түсі **ақ**, еңбекшілер депутаттары облыстық Советі сайлау бюллетенінің түсі **жасыл**, еңбекшілер депутаттары аудандық (қалалық) Советтері сайлау бюллетенінің түсі **көк**, ауылдық- селолық Советтердің сайлау бюллетенінің түсі **ақ**. болады. Сонымен, ауыл- селолық жерлерде тұратын сайлаушылар қолдарына төрт бюллетень алады. Поселкелік Советтерге бөлінбейтін қалалардың сайлаушылары үш түрлі бюллетень алады. Өйткені олар ауыл- селолық Советтерге депутаттар сайлауға қатыспайды.

Кейбір жағдайларда, әсресе қызмет бабымен командировкада жүргенде, сайлаушылардың өздері әуел баста тіркелген сайлау участокторінде дауыс беруге мүмкіншілігі болмай қалуы мүмкін. Мұндай реттерде, яғни сайлаушы басқа жерден келген болса, яки тұрған орнын ауыстырған болса, ол дауыс беруге «дауыс беру правосы куәлігімен» ғана қатыса алады. Сондай-ақ, дауыс беруге право беретін мұндай куәлік жолға шыққан асаматтарда да болуы керек.

Сайлау бюллетенін алып, оны толтыру үшін сайлаушы дауыс беру бөлмесіне кіреді. Ондай бөлмелерге сайлаушы даусыс беру бюллетенін толтырып жатқан кезде даусыс беруші-ден басқа біреудің болуына, біреудің бұл кезде қандай да болса үгіт жұмысын жүргізуіне жол жоқ. Советтік сайлау системасы принциптерінің қатаң талаптарының бірі —міне, осы. Бұл принцип сайлаушылардың даусыс жасырын беруін, даусыс беріп жатқан кезде оларға бірде- бір адамның қысым жасамауын қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

Сайлаушы даусыс беру бюллетенін толтыратын бөлмеге кіріп, әрбір бюллетеньде өзі даусыс беретін кандидаттың фамилиясын қалдырады да, өзі қаламаған кандидаттардың фамилиясын сызып тастауға правосы болады.

Сауатсыздығынан немесе белгілібір жарымжандылығынан, сайлаушы даусыс беру бюллетенімен танысып, оны өздігінен толтыруға мүмкіндігі жоқ болса, онда бюллетеньді толтыру үшін сайлаушылардың қайсысын болса да бөлмеге шақыруға толық правосы бар.

Кей реттерде сайлаушылардың сырқат болуы, немесе басқа да бір себептермен сайлау участогіне келіп даусыс беруге мүмкіншілігі болмай қалуы мүмкін. Мұндай жағдайда участоктік сайлау комиссиясы өзінің бір мүшесін арнаулы даусыс беру жәшігімен қамтамасыз етіп, оны сайлаушының тұрған жерінде даусыс беруіне жағдай туғызу үшін жібереді.

Совет азаматтарының өз еркін толық білдіруіне кедергі жасамас үшін советтік сайлау заңы сайлауға арналған үйде сайлау күні үгіт жұмысын жүргізуге тыйым салады. Сайлау Ережесі даусыс беру тәртібінің сақталуына жауапкершілікті сайлау комиссиясының председателіне жүктейді.

Бұл күндері Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлауына әзірлік халқымыздың зор саяси және өндірістік өрлеуі жағдайында өтуде. Сайлауға әзірлік халықтар арасындағы мызғымас достықтың, олардың моральдық- саяси бірлігінің және жалынды советтік патриотизмнің қуатты демонстрациясына айналып отыр.

Т. ЖЕТПІСОВ.

Қамқорлыққа алынған колхозға көмек

Петропавлдың мемлекеттік темекі фабрикасы соңғы бірнеше жыл бойына Соколов ауданындағы Сталин атындағы колхозды қамқорлыққа алып келеді. Фабриканың жұмысшылары мен инженер -техник қызметкерлері колхоз өндірісін өркендетіп, оның дәулетінің арттырылуына ықпалды ісі тісті. Коллектив мүшелері колхозға техника күшімен жәрдемдесіп, ауылшаруашылық машиналарын көптеп жөнделіп берді отырды.

Фабрика коллективінің колхозға жазғы, күзгі маусымды жұмыстар кезіндегі көмегі де айтарлықтай болды. Колхозда жұмыс істеу үшін арнаулы бригадалар ұйымдастырылып, олар ұзақ уақыт колхозда түрлі жұмыстар істеді. Тек өткен, 1954 жылда осы бригадалардың күшімен колхозда 420 тоннадан астам шөп шабылды және жүздеген екі жабық қырман салынды. Оның бірге, күзгі егін орағы кезінде бригада мүшелері тазартқан 70 тоннадан астам астық мемлекетке өткізілді.

Колхоз басқармасы өз тарапынан фабрика жұмысшыларының еңбегін жоғары бағалады. Колхозда еңбек еткен фабрика жұмысшылары өткен жылда 40 тоннадан астам шөп, ондаған пұт астық, овощтағы басқа да ауылшаруашылық өнімдерін алды.

Бұл күндері Сталин атындағы колхоздың мүшелері көктемгі егіске қызу әзірлік жүргізіп жатқанда, фабрика коллективі бұл жұмысқа елеулі көмек тигізуде. Жақында фабрикадан колхозға едәуір құрылыс материалдары жіберілді. Сонымен бірге, астық елеуге пайдаланылып жүрген колхоз движогіне керекті қосымша тетіктер бөлінді. Механикалық мастерской колхозға бір моторды жөнделіп берді.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумы ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуді, оның ішінде мал шаруашылығы өнімдерін арттыра беруді бүкіл совет адамдарының алдына басты міндеттердің бірі етіп қойып отыр. Міне бұл шұғыл міндеттерді жүзеге асыру жолында фабрика коллективі де қажырлы еңбек етіп, өнімді мол және сапалы өндірумен бірге, қамқорлыққа алған колхозға көмекті бұрынғыдан да көп көрсететін болады.

Г. СМЕЛОВ.
Қаладағы темекі фабрикасының жоспарлау бөлімінің бастығы.

Тұтынушылар тілегіне сай

Тұтыну талаптары күн сайын өсіп отыратын совет адамдары сауда қызметкерлерінің алдына көп-көп талаптар қояды. Халықтың күн-күнгі көп керек ететін өнеркәсіп және азық-түлік товарларын уақытында алу, олардың тілектеріне, айтқан сыпатына деркезінде құлақ асып, одан пайдалы қорытынды шығарып отыру сауда қызметкерлерінің абройлы борышы.

Міне, осындай ең жауапты міндеттерді Преснов ауданы, Киров атындағы колхоздың дүкен сатушысы Қ. Бұлқайыров жолдас мүлтіксіз орындап келеді. Ол колхозшылардың күнделікті тұрмысқа қажетті өнеркәсіп және азық-түлік товарларын тұтынушылар қоғамынан уақытылы алып, колхозшыларға сатып отырады.

Дүкен сатушысы Бұлқайыров жолдас Қазақ ССР Жоғарғы Советі және еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлауы қарсаңындағы сауданы өрістете жүргізе бастады. Дүкен сатушысы үстіміздегі айдың екі күнінде колхозшыларға 8 мың сомнан астам өнеркәсіп, азық-түлік товарларын сатты.

Кәзір де колхоз дүкеніне радиоқабылдағыш, велосипед, өнеркәсіп товарларының көп түрлері: ерлер мен әйелдердің сырт киімдері, аяқкиімдер тағы басқа да еңбекшілер көп қажет ететін товарлар дүкенге көптеп түсуде.

С. ӘБІЛҚАЙЫРОВ.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДЕ ЯНВАРЬ ПЛЕНУМЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫН МҮЛТІКСІЗ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАЙЫҚ!

★ ★ ★

Жұмысты жаңа талапқа сай жүргіземіз

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы» қаулысы Коммунистік партияның халыққа деген үздіксіз қамқорлығының жарқын айғағы болып табылады. Мұнда, әсресе мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің болашағы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыра берудің нақты жолдары атап көрсетілген. Кәзір «Интернационал» ауылшаруашылық артелінің мүшелері өз күш-жігері мен қабілетін мал шаруашылығын өркендетуді осы жаңа талапқа сай жүргізуге жұмсауда.

Мал шаруашылығын өркендетуде және малдың өнімділігін арттыра түсуде мал азығын дайындау шешуші роль атқарады. Осыны ескеріп біз Коновалов МТС-нің механизаторларымен тығыз ынтымақтаса отырып, қоғамдық мал үшін 20 мың центнер құнарлы азық пен жабайы жемшөп дайындадық. Сөйтіп мал қыстатуға қажетті жемшөп жоспары едәуір артық орындалды. Колхозда бұлармен қатар, 130 тоннадай сүрленген жемшөп, 1500 центнер сабан-топан бар.

Біз мал азығын дайындау жұмыстарымен бірге, малға жылы, жайлы қоралар салу ісін де аса қалағалы түрде жүргіздік. Тек өткен жыл ішінде тағы колхозда 4 мал қорасы салынды. Олардың ішінде стандартты жобамен салынған 200 бұзаулық үйі бар. Бұлармен қатар қолда бар ескі мал қоралары түгелдей қайта жөнделді. Ал олардың кейбіреулерінің іші қайталап жабдықталды. Мысалы, 120 бас сиырға арналған мал қорасын біз осылай жөндедік. Оның ішінде әр сиырға арналған клеткалар жасалды, оттықтары жаңартылды. Мал қораларының жақсы реттелуі жұмыстың тиімді ұйымдастырылуына жағдай жасады.

Малды қолда күтіп бағу жұмыстары басталысымен оның зоотехникалық талаптарға сай болуы мұқият ескерілді. Малдың жайлы орналастырылуы, олардың белгіленген рацион бойынша азықтандырылуы жолында зоотехник Н. Атымтаев жолдас ерекше еңбектенуде. Ол өз ісін мейлінше беріліп, сүйіп істейтін маман. Сондықтан да оның үнемі малшы, сауыншы және бұзау күтушілер арасында жүргенін көресің. Атымтаев жолдас малшыларға тек практикалық көмек қана емес, сондай-ақ олардың теориялық білімдерін көтеру ісіне де көмектеседі. Олармен малда жиі кездесетін індеттер жайында, мал қораларының тазалығы және мал азығы қорын арттыра беру туралы әңгіме өткізіп тұрады.

Біздегі барлық фермаларда да жұмыс күні тәртібі жасалып, малды азықтандыру тәртіп бойынша жүргізілуі де Атымтаев жолдастың инициативасы арқылы іске асқандығын атап айтқан жөн.

Артельде мал шаруашылығының өркендей беруі жолына әрқашан бар қабілет-жігерін жұмсауға дайын тұратын адал колхозшылар көп. Олардың қатарына сиыр фермасының меңгерушісі Л. Литвиненко, А. Малиновская, А. Серая және 25 жыл бойы жылқы бағуда болған К. Жулин, 20 жыл бойы үздіксіз қой шаруашылығымен айналысып келе жатқан К. Мейманов жолдастарды қосуға болады.

Малдың өнімділігі үшін күресте, әсресе сауыншы Т. Петушкова жолдас елеулі табысқа жетті. Ол өткен жылы қарауындағы 13 сиырдан 13 бұзау алып, шығынсыз өсірді. Сонымен бірге ол әрбір сиырдан жоспар бойынша 1400 литр сүт алу орнына, 1600 литр сүт сауды және жоспарды мерзімінен әлдекайда бұрын орындады. А. Еремута, А. Жайлыбаева жолдастар да осы озат көрсеткішке жетіскен сауыншылар қатарынан саналады.

Шаруашылықтың аса бір жауапты участогінде жүрген колхозшылардың іске белсенділікпен кірісуі және колхоз басқармасы мен мал шаруашылығының бұл салаға үздіксіз назар аударып отыруы нәтижесінде өткен жылы мемлекетке 203 центнер орнына 363 центнер ет тапсырық, 105 мың центнер сүт өткіздік. Малдың түгелдей жоғары қоңды болуына кетістік. Малдың қоңын қыс уақытында да төмендетпей, оның өнімділігін арттыра беруді кәзір мал өсірушілер негізгі міндет етіп қойып отыр.

Мал шаруашылығы жұмысына бастауыш партия ұйымы тұрақты басшылық етіп, мал өсірушілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын ұлғілі ұйымдастырып келеді. Барлық фермаларда газет, журналдар бар, арнаулы үгітшілер бекітілген. Мал өсірушілердің сүйікті үгітшілері В. Овсянникова, Қ. Әлімов жолдастар бұл күндері ферма қызметкерлері арасында СОКП Орталық Комитетінің «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы» қаулысын кеңінен түсіндіруде.

Біз қол жеткен табыстарымызды тұрақтандыра отырып, мал басын өсіру және оның өнімділігін арттыру ісін жаңа талапқа сай жүргіземіз. Ол үшін малазық қорының алдағы жылдары бұдан да көп және әртүрлі дайындалуын, малға аса күнді азық—жүгерінің көп егілуін, фермалардағы ауыр жұмыстың механикаландырылуын қамтамасыз етемізі. Сөйтіп бар күш-мүмкіншілік Пленум қаулысының неғұрлым тез жүзеге асуы жолына жұмсалады.

Б. БАЙМУСИН.

★

Тоқшын совхозында

Тоқшын асыл тұқымдық мал совхозы № 1 фермасының мал өсірушілері мал басын көбейту, мал шаруашылығы өнімділігін арттыру жолында қажырлы еңбек етіп, айтарлықтай табысқа жетіп келеді. Мал өсірушілер алынған төлді аман сақтауға ерекше назар аудара отырып, өткен 1954 жылы алынған төлдерді шығынсыз өсірді. Озат бұзау күтуші Евгения Лютея жолдастың өзі ғана 116 сиыр дан 116 бұзау алып, оларды шығынсыз және дені сау етіп өсірді. Сонымен бірге ол фермадағы жас бұзау күтушілер Л. Шель, Ф. Ганжа жолдастарға көмектесіп, бұзау күтудегі тәжрибесін үйретуінің нәтижесінде олардың да өз міндеттерін табысты атқаруларын қамтамасыз етті.

Фермадағы сауыншылар да сиырдың сүттілігін едәуір арттыруға жетісті. Сауыншы П. Ашаткова жолдас өзіне бекітілін берілген сиырлардың әрқайсысынан 2900 литр сүт алуға міндеттенгенді. Ол сиырды күту, азықтандыру және сауу жөніндегі озат әдістерді өз ісіне кеңінен қолдана отырып, қарауындағы әрбір сиырдан 3666 литр сүт сауды. Сондай-ақ өздеріне бекітілін берілген сиырлардың әрқайсысынан сауыншы Л. Яшкова 3271 литрден, В. Ромашкина 3238 литрден сүт алды.

Мал өсірушілер үстіміздегі қыста да мал қыстату жұмысын ойдағыдай жүргізіп келеді. Олар малды күтуді, азықтанды руды зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес жүргізе отырып, бірдебір малдың шығынға ұшырамауына жеті суде.

Ферма коллективі СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы қаулысымен танысқаннан кейін, қаулыда алға қойылған міндеттерді жүзеге асырудың шараларын белгілеп, кәзір бұл шараларды игіліпмен жүзеге асыруда. Мал өсірушілер малды қыста күтуді жақсартумен бірге төл алу маусымын ұлғілі өткізуге баса назар аударған. Фермада 23 сиыр бұзаулады. Олардың бұзауларын Е. Лютея жолдас аман өсіріп келеді.

Коллектив мал қыстатуды ойдағыдай өткізумен бірге, мал азығы қорын молайту мәселелерін шешу шараларын жүзеге асыру ісіне де атсалысып келеді. Мұның бәрі совхозда мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру ісін жақсарта беруге жағдай жасайтын болады.

Т. ҚҰЛАТАЕВ.

Зор белсенділік

Чапаев атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) мүшелері мал қыстатуды ұлғілі өткізудің, жемшөпті үнемдеудің басты шарты —пішен тасу жұмысына ерекше [illegible]

Толғағы жеткен мәселе

Материалдық әл-ауқаты бұрын -сонды болып көрмеген дәрежеге көтерілген ауыл -село еңбекшілерінің мәдени өмірінде де зор өзгерістер бар. Бұл өзгерістерді, әсресе бұрын жоқшылық пен аштықтың, қаранғылық пен надандықтың құшағында болып келген қазақ ауылдарының өмірінен айқын көруге болады. Бір кезде қыял дүниесіндегі нәрсе есептелетін радио, телефон, кино, электр, машина бұл күндері қазақ ауылдарының тұрмысына берік енген қалыпты дүниеге айналды. Жапырайған шым үйлер мен аңырайған киіз үйлерден сәулетті, еңсесі биік ағаш, кірпіш үйлерге көшкен олардың кәзіргі тұрмысы шын мәніндегі бақытты өмірдің айғағындай сезіледі.

Бұл ұлы өзгерістер олардың өмірге, еңбекке деген көзқарастарына да бүтіндей жаңалықтар енгізді. Бұрын «аштан өліп, көштен қалмасақ болды» дегенді өз өмірлерінің мақсаты еткендер кәзір «өмір бақыты — елің үшін еңбек етуде» дейді. Ал бұрын тек аштан өлмей күн көрудің бірден-бір құралы деп санаған еңбек бұл күндері даңқ, аброй әперетін, ер атандыратын, бақытқа жеткізетін іске айналды. Сондықтан да адамдарымыз қажырлы еңбек —біздің Отанымыздың экономикалық қуаттылығын арттырудың, халқымыздың материалдық әл-ауқатын барынша жақсартудың бірден- бір құралы деп түсінеді. Біздің еліміздегі бұрын тарих көрмеген тасқынды табысы да осы еңбектің жемісі деп түсінеміз.

Ауқатты тұрмыс мәдениетті өмір сүруге де мүмкіншілік береді. Кәзіргі қазақ ауылының бейнесі Октябрь революциясына дейінгіден мүлде өзгеше. Бұл өзгешелік ауылдардың тек сыртқы көрінісінде ғана емес, колхозшы шаруалардың күнделікті тұрмыс салтында, адамдардың өзара қарым-қатынасында, үй ішінің ішкі көріністерінде де орын алып отыр. Сызды еденге бір сырмақты төсей салып, кірлі дастарханды жая, малдас құрып шай ішіп, ет жейтін, болмаса қара пешті маздата жағып, оның алдына отыра қалып денесін қақтайтын сыяқты тұрпайы жағдайларды бұл кезде қазақ ауылдарынан мүлде кездестіре алмайсыз деп айтуға болады. Әрине, бұдан қазақ ауылының еңбекшілері кәзірдің өзінде ауқатты тұрмыстың арқасында мәдениетті өмірге мүлде көшіп болды, үй тұрмысында, салтанатта, салт- санада ескіліктің жиіркенішті әрі зыянды қалдықтарынан мүлде арылып болды деген ұғым тумайды. Әлі де болса қазақ ауылының тұрмыстық жағдайы мен салт- санасында қалмай орын алып келе жатқан кейбір тұрпайы жағдайлар бар. Бұл мақалада, міне, қазақ ауылдарының тұрмысында бұл күндері өткен өксік өмірдің там- тұмдап болса да кездесіп отырған көріксіз қалдықтары туралы сөз болады.

Шындығында ауыл мәдениеті туралы сөз болғанда тек колхозшылардың ауқаттылығын, я болмаса олардың үйіндегі көрінісі, немесе ауылда қанша мәдениеті сөз болуы керек. Мәселен, жетіжылдық мектебі, ауруханасы, оқу үйі бар дәулетті колхоз «Бұлақта» монша жоқ дегенге кім нанар.

—Соның бәріне қол тиіп жатыр ма?— деп қынжылады колхоз председателі Ағажанов жолдас. —Кәзіргі басты мәселе ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету ғой.

Ал ауыл шаруашылығын өркендететін кімдер? Адамдар емес пе. Сол адамдарға қамқорлық жасау дегеніміз істің табысты болуына жағдай жасау деген сөз ғой. Ендеше Ағажанов сияқты басшылар өздерінің 15 километр жердегі Корнеевка селосындағы моншаға түсуімен қанағатқанын, күндіз- түні колхоз өндірісінде қажырлылықпен еңбек етушілерге қамқорлық жасамауының сыңаржақ, тоғышар басшылық болып табылатындығын түсінулері керек.

Ауыл- селолық жерлерде еңбекшілерді мәдениетке тартуда, олардың мәдениеттілігін көтеруде шешуші рольді село интеллигенттері, әсресе мұғалімдер атқаруы керек. Амал не, селолық жерлерде жұмыс істейтін мұғалімдердің әлі күнге дейін бұл талапты, абройлы міндетті орындамақ түгіл өздері қазақшылық пен діншілдіктің зыянды шылықтары мен былықтарына батып жүргенін көргенде қынжылмасына болмайды. Мәселен, Бұлақ жетіжылдық мектебінде оннан астам мұғалімдер бар. Бұл селода агроном, зоотехник, адам дәрігері, мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері жұмыс істейді. Ал олардың ауыл мәдениетін жоғары сатыға көтеруде атқарып отырған ролі қандай десеңізші? Ең алдымен мұғалімдер коллективін алып қарайық. Формальді түрде сабақтарын өткізіп, қалған уақыттарын ақша салып карт ойнауға жұмсайтын, болмаса алыс ауылдан қожа әкеліп, балаларын сүндеттететін Оспанов, Қожақметов сияқты мұғалімдерден немесе бір қыс ішінде 3 жылқы сойып, 4 жылқыны, 4-5 қара малды, ондаған қой-ешкіні қолына ұстап, ол малдар үшін алым-салық төлемеудің тәсілін іздеп, туған әкесін «менен бөлек өз атына жеке үй» деп формальді түрде «екі» семья бола қалатын, ал қолдағы малдарды асырау үшін, балаларды оқытудың орнына, колхоз шәбіне көз алартатын Кәрімов сияқты мұғалімдерден қаншалықты игі-қайырлы іс күтуге болады.

Мына жағдайды жасыруға болмайды: облысымыздағы қазақ колхоздарының басым көпшілігінде клуб үйі жоқ, ал селолық оқу үйлері мен қызыл мүйістер бір бөлмелі, жұмыс істеуге ешқандай мүмкіншілігі жоқ тар үйлерге орналастырылған. Ал сонда қазақ колхоздарында мұндай жағдайдың болу себебі не? Әлде колхоздың клуб немесе оқу үйлерін салуға қаржысы жетпей ме? Жоқ, колхоздың бұған толық мүмкіншілігі бар, әңгіме колхоз басшыларының бұл жұмысқа мүлде дерлік мән бермеуінде болып отыр. Мәселен, миллион сомға жуық кірісі бар

те шығару және басқа жұмыстардың осы

колхозының председателі.

Мал шаруашылығын өркендете беру үшін

Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозының мүшелері СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын зер сала үйренуде. Колхозшылар мал шаруашылығын мықтап өркендету жөніндегі Пленум қойған міндеттерді жүзеге асырудың мүмкіншіліктерін зерттеп ашуға және ол мүмкіншіліктерді тиімді пайдаланудың шараларын белгілеуге белсене қатысып отыр.

Колхоз мүшелері алдағы көктемде 7200 гектар алаңға егін егеді. Бұл 1954 жылғы егілген егіннен 34 процент артық. Егіс көлемін ұлғайтумен бірге, егілген дақылдардың шығымдылығын арттыру мақсатын көздеп, колхозшылар өздерінің алдына көктемгі егіске әзірлік жөнінде нақтылы міндеттер қойды. Мәселен, олар 8000 гектар егістік және шабындық жерлерге қар тоқтатуға, егістік жерлің топырағын қосымша қоректендіру үшін 1700 центнер көң, 50 центнер күл, 70 центнер күс сақыры, 50 центнер минералдық тыңайтқыштар әзірлеуге, овощ дақылдарының көшеттерін өсіретін 70 мың дана шымтезек- шірінді құмыралар, 160 дана парник рамаларын жасауға міндеттенді. Кәзір колхоз мүшелері алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында ұйымшылдықпен еңбек етуде. Сондай-ақ қолда бар тұқымдық дәнді тазарту, себу сапасына жеткізу жұмысын аяқтап келеді.

Қоғамдық мал үшін құнарлы азық қорын мол жасауға ерекше назар аударылуда. Көктемде мал азығы үшін 300 гектар біржылдық шөп, 100 гектар жүгері, 60 гектар тамыржемісті дақылдар егілетін болады. Көкшөп конвейері үшін дәнді дақылдар егіледі. Мал тұратын қораларды жақсарту мақсатымен жаңа қоралар салудың мүмкіншіліктері қарастырылуда. Құрылыс үшін қамыс дайындау қызу жүргізілін жатыр.

Мал басың төл есебінен өсіру мақсатымен колхоз мал өсірушілері үстіміздегі жылы әрбір 100 аналық малдан 80 бұзау, 110 қозы, әрбір мегежіннен 15 торай алуға, сауыншылар әрбір сыйырдан 2000 литр сүт саууға, ал озат сауыншылар Э. Шидина, А. Екишева жолдастар өздеріне бекітілген сыйырлардың әр қайсысынан 2200-2300 литр сүт алуға міндеттенді.

Партия мен үкеттің мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөніндегі белгілеген шараларын мұлтіксіз жүзеге асыру үшін колхозшылар әлі де болса Пленум қаулысын терең үйренуде, колхоздың ішкі резервтерін толық пайдалану жөнінде практикалық жұмыстар жүргізуде.

К. ШҰҢҒЫЛШИН.

★



ГРУЗИН ССР-ы. Махарадзе атындағы колхоздың Москва облысы, Раминск ауданындағы Молотов атындағы колхозбен жарысқа түскеніне жылдан асты. Москва жанындағы алдыңғы қатарлы колхоздың тәжрибесін қолдана отырып, олар мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетуде. Мұнда фермалар механикаландырылған, жаңа мал қоралары салынған, малазығындық дақылдардың егіс алаңы кеңейтілген.

СУРЕТТЕ: Махарадзе атындағы колхоздың жаңа мал фермасының жалпы көрінісі.

(СОТА-ның фотохроникасы).

те арнаулы кәлжтер де қатыстырылды. Осының нәтижесінде колхоз 19 мың центнер пішен мен 1500 центнер сабанды фермалар жанына тасып алды. Кәзір колхоздың барлық пішені қотанда.

СОКП Орталық Комитетінің «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы» қаулысымен жіберленген колхозшылар мал басын өсіру мен оның өнімділігін арттырудағы негізгі кезең— мал қыстату маусымын барынша ұлғілі өткізу жолында жанаймай еңбектенуде. Мал қыстату маусымында әсресе О. Рамазанов, К. Ахметов жолдастар зор белсенділік көрсетіп келеді. Кәзір колхоз мал өсірушілері арасында Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советі сайлауы қарсаңындағы социалистік жарыс күн санап қарқындай түсуде.

М. СИБАНБАЕВ.

ЕҢБЕК ОЗАТТАРЫ

Ленин атындағы колхоз (Преснов ауданы) тұқым тазалауды аяқтады. Онда жұмыс істеген Х. Галямов, Е. Әбілгазин және басқа колхозшылар өздерінің күндік нормаларын 120- 130 процеттен орындап, жақсы көрсеткіштерге ие болды. Сондай-ақ колхоздың қоғамдық мал шаруашылығында жұмыс істейтін Н. Ғайсанов, С. Сауытбеков, А. Нұртаева сығыңты мал күтушілер өздерінің жұмысына асқан жауапкершілікпен қарап, қарамағындағы малдардың қыстан аман шығуын қамтамасыз етуде.

К. ТӨЛЕГЕНОВ.

★

сол ауылдың мәдени дәрежесін бағалауға болмайды. Ауыл мәдениеті дегеніміз ең алдымен сол ауылды мекендеушілердің, бір сөзбен айтқанда, ауыл еңбекшілерінің тұрмыс құру, өмір сүру, өзара қатынас және еңбекке, өмірге көзқарас дәрежесі қаншалықты сатыда екен деген сөз. Мәселен, кәзір тұрмысының ауқаттылығы жағынан қалада тұратын ең мәдениетті деген семьядан әлде қайда басым колхозшыларды көптеп кездестіруге болады. Бірақ бұл семьялардың ауқаттылығын тек ішкен тамақ пен қорадағы мал санынан ғана көресіз. Ал үй тұрмысы мен әдет-ғұрып дәрежесі жағынан мұндай семьялар әлі де болса кәзіргі заманымыздың мәдени талаптарына сай дәрежеде емес екендігін тіпті де жасыруға болмайды.

Мысал үшін мына бір фактіні айтып өтуге болады. Біз жуырда Ленин ауданындағы «Бұлақ» ауылшаруашылық артелінде болдық. Бұл артель ұйымдық-шаруашылық жағынан жылдан-жылға нығайып келе жатқан колхоз. Колхоз кірісі өткен жылға қарағанда бірнеше жүз мың сом артып отыр. Колхозшылардың материалдық әл- ауқаты да күннен күнге артып келеді. Тек өткен жылдың өзінде мұнда 20 колхозшы радиоқабылдағыш сатып алды. СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын колхозшылар сол күні естіп, қуанысты. Жаңадан сәулетті үйлер салған немесе үй-ішілік қымбат бағалы бұйымдар сатып алған колхозшылар көптеп саналады. Ал жалпы колхоз бойынша малы жоқ, үйді мұнда кездестіруге болмайды. Солай бола тұрса да осы артельдің мүшелерінің күнделікті өмір-тұрмыстарында кездесін отырған зор кемшілік бар. Ол — ауыл мәдениеті мәселесі. Шынын айту керек, көп малды, мол астықты бұл колхозшылардың біркатарының үйлік ішкі тұрмыстары әлі де болса бұдан 20-25 жылғы баз қалпында. Мәселен, біз осы артельдегі озат әрі ауқатты колхозшы С. Карттың үйінде болдық. Бұл үйдің семья мүшелері быйылғы жылы 1 мыңнан астам еңбекқүн тауыпты. Жеке меншіктегі малдары туралы ол быйылғы жылы малы Уставтағыдан асып кеткендіктен 5 мың сомнан аса ақша алған олар дүкендер мен магазиндерді аралап, өздерінің үйлеріне мүліктер алды.

—Мына бір кездемеден 18 метр өлшетпі, — деді әйелі күйеуіне. — Көрпе қылайық. Кіршең емес екен, түсі қоңырлау.

—Ауқатты колхозшының үйіне жібек, шәйі көрпелер жарасымды болады ғой,— деген менің қалжыңыма колхозшы З. жолдас былай деп жауап берді:

—Көрпені жібектен тік, атластан тік —бәрі бір, көп болса 3-ақ айға барады. Онан соң оны жуу керек. Ал кіршең емес қоңырша кездемеден тіксең, көпке дейін кірі білінбейді, әрі шыдамды болады.

Қымбатты көрпелердің ұзақ сақталуы үшін, әрі тазалық сақтауға жақсы болуы үшін мен оларға ақ кездемеден астар алудың пайдалы болатындығын түсіндірдім.

—Өткен жылы бір жібек көрпені 600 сомға алып едім,—деді ол, —бір жылға жеткен жоқ. Қонақтарға жабамын деп саус-саус кір болды. Сондықтан енді жібек көрпе алмасын деп едім.

Ауылды жерлердің тұрмыстық-салтық әдеттерінде де ескіліктен қалған зыянды әдет жеткілікті. Оған мысал ретінде әйелдің семьядағы ролін және оның атқаратын қызметін алуға болады. Шынын айтқанда, колхоз шаруашылығында әйелдер ерлерден кем роль атқарып отырған жоқ. Әсресе әйелдердің қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде және оның өнімін арттыруда атқарып отырған зор ролін атап айтқан жөн. Бірақ осылған керісінше, әйелдердің үй жұмысында атқаратын жұмыстары ерлерден әлде қайда көп. Жас балаларды тамақтандыру, тамақ әзірлеу, су әкелу, үй ішін жыйнастыру, кір жуу сығыңты толып жатқан үй-ішіндік жұмыстар түгелінен солардың мойнында. Ал жұмыстан оралғаннан кейін ерлердің шелекпен су алып келуге әбден мүмкіншілігі бар, бірақ, көнтеген колхозшылардың ескі түсінігі бойынша, күйенте салып немесе шелек көтеріп су әкелу—ерлер үшін қорлық.

Қазақ ауылдарының біркатарында осы уақытқа дейін монша мен әжетхана деты. Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы, Приешім ауданындағы «Талапкер» сығыңты колхоздардың бір клуб үйін салып, оны жабдықтауға мүмкіншілігі жоқ дегенге кім сенер.

Жуырда біз мынадай бір оқыйғаның куәсі болдық. Ленин ауданындағы «Бұлақ» ауылшаруашылық артелінің есеп беру- сайлау жыйналысы болғалы жатты. Колхоздың құрама мүшелерінің бұл сағаттағы қатты қыйналған мәселесі — жыйналысты қайда өткізу болды. Колхоз конторына небары 20-30 адам сыяды, ал колхозда 400-ге жуық колхозшы бар. Ең ақырында жыйналысты жетімжылдық мектепте өткізуге келісілді. Бірақ мектеп үйіне де небары 100-ден аз-ақ астам колхозшы сыйды. Сондықтан есеп беру-сайлау жыйналысын екі жерде екі күн бойы өткізуге тура келді және мектепте екі күн бойы сабақ тоқтатылды.

—Бұлайша әуре- сарсаң болғанша өздеріңіз клуб үйін неге салып алмайсыздар? —деген біздің сөзімізге бастауыш партия ұйымының секретары Қайранас Мақымов:

—Соған қол тиіп жатыр ма, —деп ренішті жауап берді.

Шындығында, қазақ колхоздарының көпшілігінде бұл сығыңты жағдайды жиі кездестіруге болады. Бұл сығыңты жағдайдың барлығы колхоз басшыларының шаруашылық жұмыстарға баса назар аударып, ауыл- село еңбекшілерінің тұрмыстық қажетіне, олардың мәдени өміріне, рухани тілегіне жеткілікті көңіл аударғандықтан туып отырғандығы белгілі.

Кәзіргі басты міндеттердің бірі —ауыл мәдениетін көтеру, колхозшылардың тұрмыстық мәдениетін арттыру. Қажырлы еңбек иелерінің мәдениетті өмірге көшуіне, олардың ескіліктік тұрмыстағы кейбір дөрекі және зыянды қалдықтарынан арылуына баса назар аударатын уақыт жетті. Сондықтан жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдары бұл мәселені тікелей өз қолдарына алулары керек. Ал ауыл- село интеллигенттері, әсресе мұғалімдер бұл салада аса зор роль атқара алады.

Т. КӘКІМОВ.

Мәдени-ағарту жұмыстары өз дәрежесінде емес

Преснов аудандық мәдениет бөлімінің қарауында 8 жылжымалы киноустановка бар. Бұлардың барлығы да ауыл-село еңбекшілерін киномен қамтуға арналған. Бірақ аудандық мәдениет бөлімінің олардың жұмысына нақтылы басшылық және бақылау жасамауы салдарынан бұл киноустановкалар өз міндеттерін кәзіргі талаптардың дәрежесіне сай жүргізіп отырған жоқ. Мәселен, олар көбіне көп аудан орталығына жақын жерлердегі елді пункттерді киномен жиі-жиі қамтып, ал қашық жерлердегі колхоздар мен МТС-терде өте сирек болады. Бұған осы аудандағы Ленин атындағы, Абай атындағы ауылшаруашылық артельдерінің мүшелеріне соңғы 5 ай ішінде бірде-бір рет кино көрсетілмеуі толық дәлел бола алады. Колхозшылардың өздерін жүйелі түрде киномен қамту жөніндегі орынды талаптарын аудандық мәдениет бөлімі тіпті де ескермей келе жатқаны таңқаларлық жағдай.

Жергілікті жерлердегі мәдени-ағарту мекемелері де жұмысты ойдағыдай атқара алмай отыр. Бұған мысал ретінде Ленин атындағы колхоздағы оқу үйінің жұмысын мысалға алуға болады. Бұл оқу үйінің жұмыс істегеннен гөрі жабық тұрған уақыты көп болады. Ал оқу үйінің меңгерушісі А. Оспанов жолдас көбіне өзінің жеке пайдасын ойлап, еңбекшілер арасында мәдени-ағарту жұмысын мүлде аяқсыратып отыр.

Бұл сығыңты жағдайды Абай атындағы колхоздан да кездестіруге болады. Ең алдымен колхоз басқармасы оқу үйін арнаулы үймен қамтамасыз ете алмай отыр. Кәзіргі уақытта ол колхоз басқармасының кеңсесі үйіне орналасқан. Бастауыш партия ұйымының секретары Құсайынов жолдас оқу үйінің меңгерушісі Жақыпованың жеке үй бөліп беруді сұраған орынды талабына атүсті қарап келеді. Мұнда жұмыс істеуге ешқандай мүмкіншіліктің болмауы салдарынан ең ақыры оқу үйінен кітап алып оқушылардың саны да мүлдем қысқарды. Бұл кемшіліктерден қорытынды шығарып, еңбекшілерді мәдени қамту ісін жақсартудың нақтылы шараларын белгілеу, аудандық мәдениет бөлімі мен жергілікті мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің бүгінгі таңдағы кезек күттірмейтін міндеттері болуға тиіс.

О. ОРМАНОВ.

Барлық елдердің әйелдері Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік жолын жақтайды

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФЕДЕРАЦИЯСЫ СОВЕТІ СЕССИЯСЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫНА

ЖЕНЕВА, 16 февраль. (СОТА). 14 февральда Женевада әйелдердің Халықаралық Демократиялық Федерациясы (ӘХДФ) советінің V сессиясы жұмысының аяқталуына байланысты баспасөз конференциясы болды.

Баспасөз конференциясында сессияның жұмысына 45 елдің әйелдер ұйымдарынан өкілдер қатысқаны хабарланды. Сессия өздерінің саяси және діни сенімдеріне қарамастан барлық елдер мен ұлттар әйелдерінің бейбітшілікті сақтау және нығайту жолындағы күресте бірлік ұранымен өтті.

Сессия әйелдердің өз праволары және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік болуы жолындағы күресі және федерацияның жұмысы туралы әйелдердің Халықаралық демократиялық федерациясының бас секретары А. Минелла ханымның, сондай-ақ әйелдердің Халықаралық Демократиялық Федерациясы Атқару комитетінің председателі Эжени Коттонның баяндамаларын тыңдады.

Сессияға қатысушылар Федерацияның Атқару комитетінің вице-председателі Н. Попованың сөзін зор ынта қойып тыңдады. Попова ССРО Жоғарғы Советінің сессиясы қабылдаған Декларация туралы хабарлады.

Сессияда шығын сөйлеген Европаның, Азияның, Африканың әртүрлі елдерінің, Латин-Америкасы елдерінің делегаттары бұл елдердегі әйелдер қозғалысы туралы, жаппай жүргізілін жатқан қиымыл және Париж келісімдеріне қарсы, атом қаруына тыйым салу үшін, қару-жарақтың жаппай кемітілуі үшін, халықаралық барлық проблемалардың бейбіт жолмен шешілуі үшін петицияларға қол қойдырылып жатқандығы туралы айтты.

Сессияға қатысушылар бірауыздан Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік Советі Бюросының қарарларын, сондай-ақ биылғы жылдың июлінде аналардың балаларды қорғау жөніндегі бүкіл дүниежүзілік Конгресін өткізу жөніндегі шақыруды қолдаған әйелдердің Халықаралық демократиялық Федерациясының декларациясын қабылдады.

Бұл үндеуді қабылдап, сессияға қатысушылар барлық елдердің миллиондаған аналарының еркін білдірді, мұның өзі конгресс шақыру туралы ұсыныстың орасан зор жігермен қарсы алынғандығына айқын көрінді. Советтің сессиясына дейін, сондай-ақ сессия жұмыс жүргізіп жатқан күндерде алынған көптеген жолдамалар мен хаттар да осыны көрсетті, бұл жолдамалар мен хаттарда конгресс шақыру идеясын миллиондаған әйелдердің толығынан қуаттайтыны білдірілген.

Қытай Халық Республикасы Азия және Африка елдерінің конференциясына қатысады

ЧЖОУ ӘН-ЛАЙДЫҢ САСТРОАМИДЖОЙОҒА ЖАУАБЫ

ПЕКИН, 17 февраль. (СОТА). «Женьминьжибао» газеті және басқа орталық газеттер бүгін Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Советінің премьері және сыртқы істер министрі Чжоу Әнь-лайдың Қытай Халық Республикасына Бирма, Цейлон, Индия, Пакистан және Индонезия атынан оны Азия және Африка елдерінің конференциясына қатысуға шақырған Индонезияның премьер-министрі Састроамиджойоның телеграммасына жауабын жариялаған.

Чжоу Әнь-лайдың телеграммасында Азия және Африка елдерінің конференциясы Азия және Африка елдерінің өзара түсінушілік және ынтымақтастыққа жету, олардың өзара және жалпы мүдделерін талқылау, елдер арасында достық және көршілік қатынастарды онан әрі қалыпқа келтіру мақсатымен тарихта бірінші рет шақырылып отырған конференция болып табылатындығы атап көрсетілген.

Бұл конференцияның шақырылуы, делінген телеграммада, жер шарының бұл ауданында соңғы уақыттарда болған аса зор өзгерістерді бейнелейді. Сол сыяқты, ол Азия және Африка елдерінің өз тағдырларын өз қолдарына алып, басқа елдермен тең право, достық және ынтымақтастық негізінде қатынас жасауға ұмтылуының барған сайын күшейіп отырған талабын көрсетеді. Бұл конференцияның шақырылуы, сонымен қатар, Азия мен Африканың тұрақ әлеуметтік системадағы елдерінің бірінің ішкі істеріне бірі қол сұқпау принципі негізінде бейбіт өмір сүруіне, бейбітшілік және елдер арасындағы ынтымақ ісіне өзінің үлесін қосуға қолайлы мүмкіншіліктер жасайды.

Қытай Халық Республикасының үкметі, деп атап көрсетілген телеграммада, Азия және Африка елдері конференциясының мақсатымен келіседі және Азия мен Африканың басқа елдерімен бірлесе отырып, бұл мақсаттарды жүзеге асыру ісіне өзінің үлесін қосуға мүмкіншілік алғанына мақтанды. Қытай Халық Республикасының үкметі Азия және Африка елдерінің 1955 жылы 18 апрельде Бандунгте ашылатын конференциясына қатысу үшін делегация жіберуге қарар қабылдады.

ҚЫТАЙДА КОММУНИСТІК ПАРТИЯ ҚАТАРЫНЫҢ ӨСУІ

ШАНХАЙ, 17 февраль. (СОТА). Қытай Коммунистік партиясының беделі өсуде, оның еңбекші бұқарамен байланысы нығарағанда, Шаньдун провинциясының заводтарында, фабрикаларында және көмір шахталарында өткен жылы Ком-

Ғылми-техникалық ынтымақ жөніндег совет-румын комиссиясының сессиясы туралы

МАЗМҰНДАМА

Жуырда Москвада Совет Одағы мен Румын Халық Республикасының арасындағы ғылми-техникалық ынтымақ жөніндегі совет-румын комиссиясының V сессиясы жұмысын аяқтады.

Сессияда халық шаруашылығының әртүрлі салаларындағы ғылми-техникалық тәжрибені алмасудың мәселелері қаралды.

Екі жақ қол қойған протоколға сәйкес, Совет Одағы 1955 жылы Румын Халық Республикасына ауылшаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын, өнеркәсіпке арналған жабдықтарды жасаудың техникалық документтерін, сол сыяқты әртүрлі өнеркәсіп өнімін өндірудің техникалық документтері мен ауруханалар және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын салудың жоба документтерін береді.

Совет Одағы ауылшаруашылық машиналарын жасау және прибор жасау салаларындағы жетістіктермен таныстыру үшін румын мамандарын қабылдайды, сол сыяқты өнеркәсіптің кейбір салаларындағы өндіріс технологиясының мәселелері жөнінде техникалық көмек көрсету үшін Румын Халық Республикасына бір топ совет мамандарын жібереді.

Румын Халық Республикасы өз таранынан Совет Одағына хауіпсіздік техникасында қолданылатын приборлар жасаудың техникалық документтерін, сол сыяқты құрылыс материалдарының кейбір түрлерін өндіретін жабдықтарын, жұмыс чертеждерін беретін болады.

Румын Халық Республикасы бір топ совет мамандарын өнеркәсіптегі техникалық жетістіктермен таныстырады.

Комиссияның V сессиясының жұмысы кезінде румын делегациясы Москваның және Киевтің кейбір өнеркәсін және ауылшаруашылық кәсіпорындарымен, мәдениағарту мекемелерімен таныстырылды.

ГДР МЕН ПОЛЬША АРАСЫНДАҒЫ 1955 ЖЫЛҒЫ ТОВАР АЙЫРБАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМДЕР ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

ВАРШАВА, 16 февраль. (СОТА). Варшавада Поляк Халық Республикасы мен Герман Демократиялық Республикасы арасындағы 1955 жылғы товар айырбасы және төлемдер туралы протоколға қол қойылды. Польша таскөмір, кокс, қоңыр көмір, химия және металлургия өнеркәсібінің буымдарын, тағы басқаларын беретін болады.

Герман Демократиялық Республикасы машиналар мен өнеркәсін жабдығын, практика өнеркәсібінің буымдарын, жасанды тыңайтқыштар, мұнай өнімдерін және басқа өнеркәсін товарларын береді.

СОВЕТ-ЖАПОН ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ

ШАНХАЙ, 16 февраль. (СОТА). Кюго-Цусин агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін Токиода Жапониядағы совет өкілдігінің басшысы Доминцкий Жапонияның премьер-министрі Хатоямамен екінші рет кездескен. Кездесуде премьер-министрдің сыртқы саясат мәселелері жөніндегі ке-

Карлсруэде антикоммунистік процесс

БЕРЛИН, 17 февраль. (СОТА). Кеше Карлсруэде Германия Коммунистік партиясының «ісін» қарап жатқан «федералдық конституциялық соттың» кезекті мәжілісі болған.

Мәжлісте сөз сөйлеген Бонн үкметінің өкілі Дикс компартияның жеке документтерінен қысқа-қысқа цитаталар алып, соның көмегімен, Компартия Батыс Германияда өзінің қызметінде марксизм-ленинизм қағидаларын жүзеге асыруға ұмтылып отыр деп дәлелдеуге тырысқан. Дикстің бұл арада шатасқаны соншалық, ол өзінің «дәлелдеріне» сот председателінің бұл «дәлелдерінен» өзінің Дикстің қандай қорытынды шығаратындығын сұраған сұрағына толық жауап бере алмаған.

Бұдан кейін Компартия өкілі ретінде сөз сөйлеген Вальтер Фиштен сот тек қана Бонн өкілінің мәлімдемесінде айтылған ГКП документтері жөнінде ғана пікір айтуды, басқа материалдар туралы ешнәрсе айтпауды талап еткен. Вальтер Фиш соттың бұл талабына батыл наразылық білдірді. Ол мынаны атап көрсетті: Бонн үкметінің өкілі жекелеген «цитаталар» арқылы сотқа марксизм-ленинизм жөніндегі ұғымды теріс түсіндіріп отыр, ал марксизм-ленинизм бірыңғай ғылыми система ретінде өзінің нақтылы тезистерін догмалық түрде қолдануды жоққа шығарады. Федералдық үкмет өзінің дәлелінде келтірген Германияда еркін және демократиялық құрылыстың ісінде және демократиялық бостандықты қорғау ісінде барлық бейбітшілік сүйгіш азаматтарды белсене бірлесуге шақырған ГКП-ның документтері, деп мәлімдеді Фиш, ГКП-ның марксизм-ленинизмді догма деп қарамайтындығының нақтылы дәлелі болып табылады.

Кешегі сот мәжлісінің ақырында ГКП-ны қорғаушылардың өкілдері ГКП-ның Орталық Басқармасының мүшелері Фишті, Ледвонды, Рейманды және Ришті тұтқынға алу жөніндегі бұйрықты өзгерту жөнінде және Карлсруэдегі процеске байланысты ГКП үшін жасалған бірхатар қысымды өзгерту жөнінде сот қарары шыққанға дейін процесті кейінге қалдыра туру жөніндегі ұсынысты тағы да енгізген.

ПАРЛАМЕНТКЕ МҮШЕ-ЛЕЙБОРИСТЕР КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗУДЕН БАСТАРТҚАНЫ ҮШІН АНГЛИЯ ҮКМЕТІН АЙЫПТАУДА

ЛОНДОН, 16 февраль. (СОТА). 15 февральда Бивен қауымдар палатасына Париж келісімдері бекітілместен бұрын, герман мәселесі жөнінде Совет Одағымен келіссөздер жүргізудеп бастартқаны үшін үкметті айыптайтын қарар ұсынды, оны парламентке мүше жүзге жуық лейбористер қолдады. Қарар парламенттің 1954 жылы бесінші апрельде бірауыздан қабылданған және қару-жарақты азайту, оған бақылау жасау проблемаларын талқылау үшін, сол сыяқты жер шарының халқына төнген қатерді жоюға бағытталған саясат белгілеу үшін Англия үкметінің ұлы державалардың кездесуін ұйымдастыруға міндеттенген қарарының осы уақытқа дейін орындалмай қалғаны жөнінде қынжылғандық білдіреді.

Қарарда онан әрі былай делінген: «қауымдар палатасы, үкметтің осы қарар рухында қиымыл жасауды тілемеуі палатаның қарарын құрметтемеушіліктің белгісі болып табылады». Қарар Англия үкметінің Париж келісімдері бекітілместен бұрын Совет Одағымен келіссөздер жүргізуден бастартуын айыптайды. Және келіссөздер жүргізу мүмкіншілігінен бұл бастарту адамзат істеріндегі елеулі дағдарысты түсінбеушіліктің айқын дәлелі болып табылады» деп көрсетеді.

АТОМ СОҒЫСЫН ӘЗІРЛЕУГЕ ҚАРСЫ, АТОМ ЖӘНЕ СУТЕГІ ҚАРУЫНА ТЫЙЫМ САЛУ ҮШІН

Бейбітшілікті қорғаудың аргентиналық комитетінің қарары

БУЭНОС-АЙРЕС, 16 февраль. (СОТА). Буэнос-Айресте бейбітшілікті қорғаудың аргентиналық комитетінің Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Бюросының қарарларын және АҚШ-тың ҚХР-ға қарсы арандатушылық әрекеттерімен байланысты Қиыр Шығыста туған жағдайды талқылауға арналған мәжлісі болды. Комитет Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің қарарларын мақұлдады және атом соғысын әзірлеуге қарсы, атом және сутегі қаруына тыйым салу жолындағы науқанды күшейтуді ұйғарды.

Комитет Қиыр Шығыстағы жағдай туралы қарарында Американың Қытай жөніндегі арандатушылық әрекеттерін тоқтатуды, сол сыяқты Қытай Халық Республикасын БҰҰ-ға қабылдауды талап етеді. Мұнымен бірге қарарда аргентина халқы өзінің Қытай Халық Республикасы мен тілектестігін білдіруге шақырылған.

Комитет Францияның республикасы советіне телеграмма жіберіп, онда Батыс Германияны қайта қаруландыру туралы Лондон және Париж келісімдерін қабылдамауға шақырған.

ИНДОНЕЗИЯ ГАЗЕТТЕРІ АҚШ-тың ҚЫТАЙДЫҢ ІШКІ ІСТЕРІНЕ ҚОЛ СҰҒУЫНА ҚАРСЫ ШЫҒУДА

ДЕЛИ, 17 февраль. (СОТА). Индонезияның «Мердека», «Индонезиан Обсервер», «Берита Индонезия» және басқа газеттері Азияның бейтарап елдерінің (Коломбо елдері) Тайвань жөніндегі мәселені талқылауға қатысуын жақтаған мақалалар жариялаған. «Мердека» газеті

Газеттер, сол сыяқты, Тайвань ауданындағы жағдайдың шиеленісуінің американдық отаршылдық саясаттан туын отырғандығын атап көрсетеді. «Тайвань жөніндегі мәселе, —деп жазады «Берита Индонезия» газеті, —отаршылдық проблемасы болып табылады», және Тайвай-

ХО ШИ МИННІҢ ИНДОНЕЗИЯ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНЕ ХАТЫ

ХАНОЙ, 16 февраль. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігінің хабары бойынша, 12 февральда Хо Ши Мин Састроамиджойо Азия және Африка елдерінің Бандунгтегі конференциясына қатысуға шақыруына жауап ретінде Индонезияның премьері доктор Али Састроамиджойоға хат жіберген. Президент Хо Ши Мин Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі бұл конференцияға шақыруды қабыл алады деп хабарлайды.

НЕРУДІҢ ЛОНДОНДАҒЫ МӘЛІМДЕМЕСІ ТУРАЛЫ ИНДИЯ РАДИОСЫНЫҢ ПІКІРІ

ДЕЛИ, 15 февраль. (СОТА). Тайвань ауданындағы жағдайға байланысты халықаралық конференция шақыру туралы Совет Одағының ұсынысы жөнінде кеше Индияның премьер-министрі Нерудің Лондон аэродромында баспасөз өкілдеріне жасаған мәлімдемесін келтіріп, жергілікті радио Неру мұндай конференция өткізуін қажеттігін атап көрсетті, бірақ ол мұндай конференцияны әзірлеу үшін көп уақыт керек болады, деді, деп хабарлады.

Неру Тайвань проблемасын шешуге кедергі болып отырған жағдай—Қытайдың Біріккен Ұлттар Ұйымында өкілі болмай отырғаны, деп көрсеткен. Мұнда Неру Қытай Халық Республикасының Ұлттық праволарын қорғау қажеттігіне қарамастан, өзінің Тайвань ауданындағы жағдай туралы мәселе жөніндегі конференцияға чан-кайшіліктер қатыса алмайтындай себептер бар деп алмайтындығын мәлімдеген.

ЭТТЛИДІҢ «НЬЮС КРОНИКЛ» ГАЗЕТІНІҢ ТІЛШІСІНЕ ЖАУАБЫ

ЛОНДОН, 16 февраль. (СОТА). «Ньюс-Кроникл» газеті бүгін Эттлидің жауабын жариялады, онда былай делінген:

«Шиеленісті бәсеңдетудің жолын табу өмірлік қажет іс. Чан Кай-ши материкке онан әрі шабуыл жасап, өзінің бүкіл Қытайды жаулап алу ниетінен туралы мәлімдеп отырғанда, мен шиеленісті бәсеңдетудің мүмкіндіктерін көрмеймін. Сондықтан мен Чан Кай-шидің және оның басты қолшоқпарларының қуылып жіберілуін ұсынамын».

Тайвань туралы мәселеге тоқталып, Эттли былай деген: «одақтас державалар соғыстан кейін бұл аралдың Қытайдың белінбейтін бір бөлегі екенін мойындаған болатын».

Бүкіл осы жағдайдағы ең шұғыл міндеттердің бірі,—деді онан әрі Эттли,—коммунистік Қытай үкметін Біріккен Ұлттар Ұйымына шақыру болып табылады. Бұл шиеленісті бәсеңдету үшін қажет. Бүгін Қытай атынан Чан Кай-ши емес, ал Пекиндегі адамдар сөйлеп отырғандығы фактісін бекерге шығару шындыққа сыймайтын өте қатерлі жағдай болар еді».

АҚШ-тың АРАБ ЕЛДЕРІНЕ ҚЫСЫМ ЖАСАУЫ

КАИР, 15 февраль. (СОТА). «Аль Ахрам» газеті АҚШ-тың араб елдерін Түркия-Ирак соғыс шартына қосылуға күшпен көндіру мақсатымен бұл елдерге күшті қысым жасап отырғанын хабарлайды.

...тында. Халықты қатарлы жұмысшылар мен шаруалар партияға көптеп кіруде.

«Наньфанжибао» газетінің мәліметі бойынша, Кантонның 400 кәсіпорнында өткен жылы Компартияға 3455 жұмысшы, техник және басшы қызметкерлер кірген.

«Дапчжунжибао» газетінің хабарына партия мүшелерінің саны 9944 адамға өскен.

«Сиканжибао» газетінің мәліметі бойынша, Сикан провинциясының аз ұлттар мекендеген Тибет автономиялық ауданында өткен жылдың июль айымен декабрь айының аралығында Компартияға 520 адам кірген.

ВАШИНГТОНҒА БАРУ—ӨЗІН ӨЗІ САЯСИ ӨЛТІРГЕНМЕН БІРДЕЙ

НЬЮ-ЙОРК, 17 февраль. (СОТА). «Дейли Ньюс» газетінің шолушысы О'Доннел Вашингтоннан берген хабарында Италия премьер- министрі Шельваның Вашингтонға келуі ол үшін Италиядағы антиамерикандық пыйылдардың күшеюі салдарынан қолайсыз аяқталуы мүмкін екен дігін атап көрсетеді. Шолушының хабарына қарағанда, Италияның өзінің атын әйгілегісі келмеген бір саяси қайраткері былай деп мәлімдеген: «Иосида Вашингтонда болды, ал ол Токиога оралып келгеннен кейін өз қызметінен лақтырылды. Мендес- Франс та Вашингтонға барып қайтты, ал оның Парижға оралғаннан кейінгі дағдыры жұрттың бәріне мәлім». Шолушы былай деп мәлімдейді: Шельваның сапары ол үшін «саяси жағынан хауіпті» болады.

...цессиясы Храта Сутихара болған.

Бұл кездесу кезінде совет өкілі Хатоямаға ССРО-мен қатынастарды бірқалыпқа келтіру туралы келіссөздер жүргізу жөніндегі Жапония үкметінің нотасына Совет Үкметінің жауабын тапсырды; жапон үкметінің бұл нотасын Жапонияның БҰҰ-жанындағы тұрақты байқаушысы Савада ССРО-ның БҰҰ-дағы өкілі Соболевке 5 февральда тапсырған болатын.

КИПРДЕГІ ТАБЫСТЫ ЕРЕУІЛ

ЛОНДОН, 17 февраль. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісінің Никозиядан (Кипр аралы) берген хабарына қарағанда, жалақыны өсіру жөніндегі талапты қолдау үшін 48 сағат ереуіл жасаған Кипр авиациялық компаниясының қызметкерлері жеңіске жеткен. Компанияның әкімшілігі жалақыны, шамамен алғанда, 14 процент өсіруге келіскен.

...кайшылық режимді қолдап отырған Англия мен АҚШ-тың позициясы «Қытай Халық Республикасының үкметін Қытайдағы заңды өкмет орны деп есептейтін Азияның басым көпшілік елдерінің пікіріне қайшы келіп отыр». «Индонезиан Обсервер» газеті чанкайшилік режимнің өмір сүруі Қыйыр Шығыста бейбітшілікке потенциалдық хауіптің көзі болып табылатындығын атап көрсетті.

...үкмет «АҚШ-тың отаршылдық өкмет орны болып табылады». Газет мынаны атап көрсетеді: егер Тайваньда американ қарулы күштері болмаса бұл «үкмет» әлдеқашан жер бетінен жоғалған болар еді. Сонымен қатар газет Тайвань жөніндегі мәселе «Қытайдың шын мәніндегі ішкі ісі болып табылады» деген қорытынды шығарады.

АНГЛИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ЛОНДОН, 17 февраль. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, 15 февральда кешке Лондонның төрт автобустар және троллейбустар гаражының 1500 жұмысшылары еңбек жағдайын нашарлататын жаңа графиктің енгізілуіне қарсылық білдіру ретінде ереуіл бастаған.

Ассошиэйшн Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, Оңтүстік Йоркширдің бес көмір шахталарының шахтерлері жалақы жөніндегі талаққа байланысты 15 күннен бері ереуіл жасап жатқан Барнбородтағы бас шахтаның 2400 шахтерлеріне ниеттестік білдіру ретінде кеше өздерінің жұмыстарын тоқтатқан.

хабарлайды: «АҚШ-тың шартқа қосылуды Ливанға және басқа араб елдеріне ұсынғанын» және «бұларға соғыс, экономикалық жағынан көмек көрсетуге» уәде бергенін Ливанның Вашингтондағы елшісі өзінің үкметіне хабарлаған.

ТЕГЕРАН, 16 февраль. (СОТА). «Посте Техран» газеті былай деп хабарлайды: Тегеранға АҚШ қорғаныс министрінің «халықаралық хауіпсіздік» мәселелері жөніндегі көмекшісі Хенсел және оған ерген саяси, әскери кеңесшілер келді. Бұлар Иранның сыртқы істер министрінің Энтезаммен кездесіп, «еркін дүниенің қорғаныс системасы» дейтінге Иранның қандай дәрежеде қатыса алатыны жайында онымен келіссөздер жүргізді, өйткені, Хенсел бара жатқан Бангкоктегі кеңесте АҚШ-тың Орта Шығыстағы және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы соғыс саясаты туралы келіссөздер жүргізілуге тиіс.

ИНДИЯ ГАЗЕТТЕРІ ТАЙВАНЬ МӘСЕЛЕСІН ӘДІЛЕТТІЛІКПЕН РЕТТЕУДІ ТАЛАП ЕТУДЕ

ПЕКИН, 15 февраль. (СОТА). Синьхуа агенттігінің Делидегі тілшісінің хабарына қарағанда, Индияның «Тедж» газеті Тайвань мәселесін талқылау үшін халықаралық конференция шақыру туралы ұсынысына түсінік бере келіп, былай деп жазады: біз орыстардың ұсынысы ақылға қонымды және бұл конференция пайдалы болады деп санаймыз.

«Хиндустан стандард» газеті Тайвань мәселесіне тоқталып, АҚШ соғыс-теңіз флотының Қытай суларында болуына ешқандай заңды негіз жоқ деп жазады. Газет мынаны атап көрсетеді: Тайвань мәселесін реттеуге әлі қол жетпеуінің негізгі себебі мынада: Қурама Штаттар Қытайда болған өзгерістерді мойындаудан бастартады және елден қуылған сатқындарды белсене қолдап отыр. Қытайдың заңды үкметі континенттік Қытайға толық бақылау жасап отырғандығы фактісімен санасу керек».

Редактордың орынбасары

Ғ. НҰРМОЛДИН.

Жалынды ақын, жауынгер солдат

(Татар ақыны Фатих Кәримнің қаза тапқанына 10 жыл толуына)

Бұдан 10 жыл бұрын, 1945 жылғы 19 февральда татар-совет әдебиеті өзінің сүйікті ақындарының бірі Фатих Кәримнен айрылып, зор қазаға ұшырады. Фатих Кәрим неміс басқыншыларына қарсы күресте ерлік өліммен каза тапты. Ол неміс басқыншыларын жеңу жолындағы ұлы күресқе қолындағы қаруымен бірге өзінің жалынды жырларын қоса жұмсаған жауынгер ақынның бірі еді.

Көрнекті татар ақыны Фатих Кәрим (Фатих Уәлиұлы Кәримов) 1909 жылғы 9 январьда қазіргі Башқұрт АССР-ның Бесбұлақ ауданы, Өет аулында туды. Фатих 8 жасқа толғанда әкесі қайтыс болып, шешесінің тәрбиесінде қалады. Ол алғашқы кезде өз ауылындағы мектепте оқуы бастайды. Бұл мектепте екі жыл оқығаннан кейін 1922 жылы туған ағасы Ғабдолла Кәримовке еріп Бәләбәй қаласына келеді. Осы қаладағы педагогикалық техникумның даярлық бөліміне оқуға түсіп, оны бітіріп шығады. Осы техникумда оқып жүрген кезінде-ақ Фатих өлең жаза бастайды.

Ф. Кәримнің поэзияға бой ұруына, оның ақындық шабытының шарықтауына әсем Дим өзенінің маңындағы бай табиғат та зор әсер еткен. Өйткені Фатихтың қай өлеңінде болмасын Дим өзені, оның әсем теңіргі ерекше орын алып, ақынның күшті қиялын толғанта түседі. Ақын өзінің бір әңгімесінде:

«...Дим бойы қаншама әдемі болғанымен мұндағы адамдар оншалықты рахатпен күн өткізбеді. Шынында да мұнда рақаттанып тұрушылар аз болды. Мұндағылардың көпшілігі дерлік өмірін байларға жалданумен өткізді. Тек қажыған, талған көздері ғана Димнің әдемілігіне сұқтанып қарайтын еді»—деп жазады. Сол сықты Фатихтың семьясы да жарық күнді көре алмады. «Дим бойына сұқтанып қараумен ғана» күні өтті. Әкесі қайтыс болғаннан кейін бұлардың халы бұрынғыдан да ауырлай түсті. Әйтсе де, 8 жастағы кішкене Фатихтың жүрегінде Дим бойының шалқыған әсем табиғаты, әдемі көрінісі ұмытылмастай орын тепті.

Фатихтың өлең-жырға бөленуіне, балапандай қанаттануына оның нәзік көңілді шешесі де зор себепкер болады. Шешесі әңгімешіл, жыршы, сезімтал әйел болған. Бұл туралы Фатих Кәрим өзінің өмірбаянында:

«Әдебиетпен әуестенуім әкем өлген соң шешемнің күн сайын сақ-сұқ жырын әндетіп жырлауынан басталды. Оның үстінде, өлең, жыр жазу бала шағымнан-ақ менің жүрегімнен орын алған еді» —дейді.

Ф. Кәрим бала күннен-ақ Ғ. Тоқай өлеңдерін көп оқып, Тоқай шығармаларымен шұғылданып, оған деген құмары арта түседі. Мұны ақынның 1939—40 жылдары жазылған «күнделік дәптеріндегі» өлеңінен байқауға болады. Ол:

Мен Тоқайдан үлгі аламын,
Бұл кемшілік емес, бір...
Тоқай халық мұңының
Бақшасында өскен гүл,—деп жазған болатын. Сөйтіп, Фатих Кәрим татардың халық ақыны, классигі Тоқайдан үлгі алып, өрнек сызуды өзіне мақтаныш етеді. Тоқайды аса жоғары бағалайды.

Шынында да Кәримнің үй-іші әдебиетті сүйетін, өлең, жырды аса кәдір тұтатын өлгері де өлең шығарып, ән салатын адамдар болған.

1924 жылы оның ақын ағасы Ғабдолла Кәрим (ярлы Кәрим) Фатихты Қазан қаласына өз жанына алдырып, оны 14 жасында Қазандағы Н. К. Крупская атындағы жасөспірімдер үйіне тәрбиелеуге береді. Осы кезде ол өлең жазумен қайта шұғылданады. 1925 жылдары октябрь айларында комсомол қатарына өтеді, әрі осы жылдың күз айларында жер өңдеу техникумына түсіп, 1929 жылға дейін осы техникумда оқыйды.

1926—1927 жылдарда оның «Балық тәтті болды ма» деген әңгімесі, «Түнгі көше баласы», «Орман», «Шлем», «Біздің жол» деген тұңғыш өлеңдері басылып шығады. Ол бұл өлеңдерінде жастардың өмірін, комсомолдарды жырлайды. Дінге сенбеуге, ата-анаңы сыйлауға, оқуға, еңбекке үндейді.

1928 жыл Фатихтың әдебиетке шындап қадам басып, құлшына араласқан жылы болып саналады. Осы жылдан бастап оның өлеңдерінде ақындық үн, өр даусы, жалынды леп жаңғырығады. Осы жылда ол «Яшь Ленинші» газетінде жауапты секретарь болып қызмет істейді. Ал, 1929 жылы техникумды бітірген соң «Крестьян газетасында» әдеби қызметкер болып орналасады. Онан кейін «Азат хатын» журналына, артынан округтік соғыс комиссариатының буйрығы бойынша «Қызыл армеец» газеті редакциясына ауысады.

1928—29 жылдары татар совет әдебиеті социалистік реализм жолына өтіп, жаңа басқышқа көтеріліп, татар әдебиетінде Ғ. Тақташ, А. Шамов, Қ. Нәжми, М. Жәлил, Т. Ғиззат, М. Махсут сыяқты жазушылар тобы қатарға қосылып, бұл топ әдебиет маңына шоғырлана түседі. Жас ақын Фатих та осы қатарда тұрып үн қосады. Оның «Жер көздері», «Бригадирлер», «Түн трагедиясы», «Мен де орденды», «Қол алысып...» деген өлеңдері аса жалынды, лепті, шарықтап жазылған, ақындық жүректен атыла шыққан өлеңдер.

1930—32 жылдары Фатих Кәрим «Жетінші пеш» атты үлкен поэмасын жазды. Бұл поэма татар совет поэзиясының биік шыңы болып саналады. «Жетінші пештен» кейін «Даусты таң», «Елу жігіт», «Аушылар», «Аникин» сыяқты поэмалар да жазды. Сөйтіп, ақынның 1937 жылға дейін оннан астам өлеңдер жиынағы басылып шықты.

Ұлы Отан соғысында Фатих Кәрим, тек ақын болып қана қатысқан жоқ; ол Отан соғысының жауынгер солдаты болып қатысты. 1941 жылдан 1945 жылдың февраль айына дейін әскер қатарында болды. Астанамыз Москвадан бастап, Шығыс Пруссияға дейін кескілескен соғыс майданын кесіп өтті. Ақынның бұл кезеңдегі өлеңдері майдан күресін ғажап суреттеді. Ол «Ант» деген өлеңінде:

«Бандалар жерді таптады,
Отан үшін мен кеттім.
Міне — бөбек,
Сен—ана,
Кетердім де ант еттім:
Бөбек үшін,
Сен үшін,
Ұрпақ үшін, ел үшін,
Мылтық қолда,
Шегінбеймін,

Гүл-бақшалы жер үшін! — деп жырлады. Осы жылдарда «Еділге соңғы карадым», «Достарға», «Отаным үшін», «Мен», «Орман сәябыр еді», «Айтарлық сөз әлі көп», «Шакуров туралы жыр», «Тілек» сыяқты және көптеген өлеңдер жазады.

Ф. Кәрим «Ылақпен алысқа...», «Разведчиктің жазғандары», «Жазғы түнде» повестерінде «Шакир Шигаев» атты драма да, «Үміт жұлдызы» деген кесек поэма да жазды. Көптеген очерк, сын, эссесе, балалар әдебиеті туралы аса пікірлі, ойлы мақалалар да жазды.

1945 жылғы ең соңғы жазған «Көңіл құсы» деген өлеңінде:

Көңіл құсы, хат жазғанда
Жұмды көзін,
Ойға қалды...
Ақ жүзіннен ырыш түскен
Сағынған жас хатқа тамды, —

деген еді. Ақын, ұлы Отан соғысының майданында тамаша ерліктер көрсетті. Ол майданда екі рет жараланды. Бұған қарамастан, қатардан шықпай, алға ұмтылды. Осындай ауыр күн, сын сағаттарда көптеген өлең, поэмалар жазып тастады. Ерлігі үшін ордендер, медальдармен наградталады.

Майданнан жазған ең соңғы хатында:

«...Менің соңғы уақытта аз жазуымның себебі, жаза алмауымнан емес, уақытымның жоқтығынан болып отыр... Бірақ, менің жаза бастаған өте қызықты нәрселерім де бар. Мұным осы күнге дейін жазғандарымнан әлде қайда артық деп есептеймін. Қағазға түсірмегенмен де басымда көп нәрселерді толған жүрмінау. Асықпаңыз, мен өзімнің күшіме қатты сенемін. Әлі-ақ таң қаларлық нәрселер жазып тастармын»—деді.

Міне, соғыстан соңғы айларында осындай үмітпен жігерленген еді. Бірақ, бұл үмітіне, «көп нәрселерді толғаған» арманына жете алмады. Ол 1945 жылдың 19 февралында соғыс бітуге санаулы-ақ күн қалғанда, аса жауапты бір тапсырманы орындап жүргенде қаза тапты.

Жуырда Татарстан кітап баспасы Фатихтың қаза тапқанына 10 жыл толу қарсаңына ақынның үш томдық жыйнағын басып шығарды. 1 томға—өлеңдері, балладалары, жырлары, 2 томға —поэмалар, 3 томға —әңгімелер және повестері енгізілген.

Отанымыздың жалынды ақын, жауынгер солдаты, батыр азаматы Ф. Кәримнің жарқын бейнесі, ер тұлғасы совет адамдарының жүрегінде сақталады. Оның жалынды жыры, дауылды өлеңдері советтік әдебиеттің байтақ қазнасына қосылады.

Жақан СЫЗДЫҚОВ.

Киноларда

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«АДАЛДЫҚҚА СЫН»

Сеанстар сағат 3, 5, 7, 9 және 11-де басталады.

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ҚОРЫҚҚАНЫ ҮШІН ТӨЛЕМ»

(II сериясы)

Сеанстар күндізгі сағат 3-20, 5, 6-40, 8-20 және 10-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39: газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00440

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.